




«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ: ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
(референдум комиссияларының мүшелерін оқыту үшін)



2022 жыл

Референдум ұйымдастырушыларын оқытудың ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Тақырыбы: «Республикалық референдум: құқықтық негіздері мен референдум комиссияларының жұмысын ұйымдастыру»

Өзектілігі: республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының мүшелерін даярлау қажеттігі.

Мақсаты: аумақтық және учаскелік комиссиялардың жұмысын ұйымдастырудың құқықтық негіздері мен республикалық референдумды әзірлеу және өткізу кезеңіндегі референдум процесінің ерекшеліктері туралы білім алу арқылы референдумды ұйымдастырушылардың кәсіби деңгейін арттыру

Міндеттері:

республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын түсіндіру;

нормативтік құқықтық актілермен және әдістемелік материалдармен жұмыс істеу, алған білімдерін практикада қолдану білігін дамыту;

қоғамдық бірлестіктердің, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен және референдумның басқа да қатысушыларымен өзара іс-қимыл жасау дағдыларын меңгеру.

Күтілетін нәтижелер: Модуль аяқталған соң білім алушылар:

референдум туралы заңдардың принциптері мен негізгі нормаларын;

референдумдар өткізудің халықаралық тәжірибесін;

референдум туралы отандық заңнаманың ерекшелігін;

референдум субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін;

референдум науқанының барлық кезеңдерінде аумақтық және учаскелік референдум комиссияларының жұмысына қатысты сайлау рәсімдерін жасау тәртібін;

сайлау дауларын қарау тәртібі және сайлау заңнамасын бұзғаны үшін заңды жауапкершілік түрлерін **білуге тиіс:**

учаскелік референдум комиссияларының жұмысын жоспарлап, ұйымдастыра білуі;

стандартты емес жағдайларда шешім қабылдай алуы **керек;**

сайлау рәсімдері кезінде заңнамалық нормаларды қолдану;

сайлау рәсімдеріне байланысты мәселелерді түсіндіру;

учаскелік комиссиялардың мүшелеріне және референдумның басқа да қатысушыларына білімді тарату **дағдыларын меңгереді.**

Бақылау түрі: онлайн тестілеу.

ТАҚЫРЫПТЫҚ МАЗМҰНЫ

1-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕФЕРЕНДУМ ИНСТИТУТЫ

- 1.1. Референдум ұғымы
- 1.2. Қазақстанда референдумдарды өткізу тарихы
- 1.3. 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдум.

2-ТАҚЫРЫП. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

- 2.1. Референдумды қолданудың халықаралық стандарттары
- 2.2. Республикалық референдумның конституциялық негіздері.
- 2.3. Республикалық референдум өткізгенде талқысына қойылатын мәселелер, принциптері
- 2.4. Республикалық референдумды тағайындау және дайындау
- 2.5. Республикалық референдум комиссиялары: құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі.
- 2.6. Референдумға қатысу бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау.

3-ТАҚЫРЫП. РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ДАУЫС БЕРУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі
 - 3.1.1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін салыстыру.
 - 3.1.2. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері.
 - 3.1.3. Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы арыздары.
 - 3.1.4. Учаскелік референдум комиссиясының референдумға қатысу құқығы бар азаматтармен өзара іс-қимылы.
- 3.2. Дауыс беруге арналған үй-жайларды жабдықтау.
 - 3.2.1. Дауыс беруге арналған үй-жай.
 - 3.2.2. Мүгедектігі бар азаматтар үшін жағдайларды ұйымдастыру.
 - 3.2.3. Дауыс беру күнінің алдындағы күні УРК жұмысы.
- 3.3. Референдум күні дауыс беруді ұйымдастыру.
 - 3.3.1. Дауыс беру уақыты.

3.3.2. Дауыс беруді ашу.

3.3.3. Бюллетеньді алу тәртібі және дауыс беру.

3.3.4. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беру.

3.3.5. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру.

3.3.6. Қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерімен, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларымен жұмыс.

3.4. Дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезіндегі УРК іс-қимыл тәртібі.

3.5. Референдумның қорытындыларын белгілеу және жариялау.

ГЛОССАРИЙ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1-ТАҚЫРЫП. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ РЕФЕРЕНДУМ ИНСТИТУТЫ

Мақсаты: Қазақстан Республикасында референдум қолдану тәжірбиесімен, 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумның алғышарттарымен, тетігі және мәнімен танысу.

Жоспар:

- 1.1. Референдум ұғымы
- 1.2. Қазақстанда референдумдарды өткізу тарихы
- 1.3. 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдум.

1.1. РЕФЕРЕНДУМ ҰҒЫМЫ

Референдум (лат. referendum – хабарлануға тиіс нәрсе) – тікелей демократияның аса маңызды институты, яғни халықтың мемлекеттік мәселелерді шешуге тікелей қатысуы референдум болып табылады.

Референдум халықтың тікелей заң шығаруын білдіреді.

Сайлаудан айырмашылығы, референдум кезінде объект кандидат немесе белгілі бір лауазымға кандидаттар тізімі емес, референдум өткізілетін белгілі бір мәселе – заң, заң жобасы, конституция, конституцияға түзету, тиісті елдің халықаралық мәртебесіне қатысты мәселе, ішкі саяси проблема. Референдумға белсенді сайлау құқығы бар мемлекеттің барлық азаматтары қатысады.

Референдум өткізу шарттары мен оның рәсімі тиісті елдердің конституцияларымен және заңдарымен реттеледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, республикалық референдум – Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Қазақстанда референдум жалпы ұлттық деңгейде ғана мүмкін және республиканың бүкіл аумағында өткізіледі. Жергілікті референдум заңнамада қарастырылмаған. Конституция халықтың жергілікті өзін-өзі басқаруға тікелей қатысу нысандарының тізбесін шектемесе де, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» ҚР Заңы екі нысанды ғана көздейді: өзін-өзі басқару органдарын сайлау және жиналыстар, жергілікті қоғамдастық жиындары.

«Референдум» терминінің әртүрлі анықтамаларын талдаумен, оның әртүрлі елдердің заңнамасындағы түсіндірілуімен, референдумды қолдану нысандары мен рәсімдерімен, сондай-ақ әлемдік референдум тәжірбиесімен **«Электив»** файлында танысуға болады.

1.2. ҚАЗАҚСТАНДА РЕФЕРЕНДУМДАРДЫ ӨТКІЗУ ТАРИХЫ

Қазақ КСР-індегі референдум

КСРО-да референдумдар өткізілген жоқ. Референдум кеңестік кезеңнің барлық конституцияларында саяси мәселелерді шешудің құралы ретінде бекітілді. Алайда билеуші Коммунистік партия оны ешқашан қолданбаған. Референдумның орнына азаматтардың тікелей дауыс беруі ретінде бүкілхалықтық сауалнама және жалпыхалықтық талқылау сияқты институттар танылды, алайда олар формалды сипатта болды.

КСРО тарихындағы алғашқы және соңғы референдум 1991 жылы наурызда КСР Одағын сақтап қалу туралы мәселе бойынша өтті. Алайда, оның оң нәтижелері ірі державаның ыдырауына және он бес тәуелсіз мемлекеттің құрылуына әсер ете алмады.

Қазақстан Республикасында референдумдар өткізу тәжірибесі

Тәуелсіздіктің бүкіл кезеңінде Қазақстанда екі референдум өтті: **1995 жылғы 29 сәуірде** Президенттің өкілеттігін ұзарту туралы мәселе бойынша және **1995 жылғы 30 тамызда** қазіргі қолданыстағы Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау туралы.

Қазақстан Республикасындағы референдумдар



1-сурет. Қазақстандағы референдумдар

1993 жылғы ел Конституциясы Жоғарғы Кеңес пен Президенттің референдум тағайындау құқығын мойындады. 1995 жылғы наурызда 13-шақырылған Жоғарғы Кеңес таратылғаннан кейін Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» Заңның негізінде республикалық референдумды өз бетінше тағайындау құқығына ие болды.

«Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімшілік басшыларына уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» Заң негізінде Мемлекет басшысы республикалық референдумды өз бетінше тағайындау құқығына ие болды. 1995 жылғы 25 наурызда берілген заңнамалық өкілеттіктер негізінде ол «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң күші бар Жарлық шығарды. Бұл актіде республикалық референдумды тағайындау мен өткізуге байланысты мәселелер регламенттелді.

Бұдан кейін 1995 жылғы 29 сәуірде Президент өкілеттігін ұзарту туралы республикалық референдум тағайындалды.

Сол кездегі саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескеру қажет. Осы кезеңде елде бұрынғы одақтас республикалар арасындағы экономикалық байланыстардың үзілуі, мемлекеттік меншікті жекешелендіруді жүргізумен, өндірістің күрт төмендеуімен, кәсіпорындардың жаппай жабылуымен, жұмыссыздықтың өсуімен, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуімен және т. б. байланысты «күйзелістік терапия» салдарынан туындаған ауыр зардаптарды еңсеруге бағытталған жүйелі реформалар жүргізілді. Нәтижесінде, бұл 1993-1995 жылдардағы ұзаққа созылған саяси дағдарыс, 12-ші шақырылған Жоғарғы Кеңестің өзін-өзі таратып (1993) және 13-ші шақырылған Жоғарғы Кеңес таратылды (1995). Көптеген реформалардың бастамашысы болған Президент оларды жүзеге асыруға және осы мәселелердің барлығын шешуге уақыт қажет болды, ол үшін өкілеттікті ұзарту туралы мәселе қойылды.

Референдумға: «Сіз 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкіл халық сайлаған Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың өкілеттік мерзімін 2000 жылғы 1 желтоқсанға дейін ұзартуға келісесіз бе?» деген жалғыз сұрақ шығарылды.

Референдум нәтижесінде президенттің өкілеттігі 2000 жылға дейін ұзартылды. Оны сайлаушылардың 95,46% қолдады. Келу 91,21% құрады.

Келесі конституциялық референдум Қазақстан Президентінің «1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдум өткізу туралы» 1995 жылғы 28 шілдедегі № 2389 Жарлығы негізінде өткізілді. Жарлықтың 2-тармағына сәйкес референдумға жалғыз ғана: «Сіз жобасы 1995 жылғы бірінші тамызда баспасөзде жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сұрақ шығарылды.

Конституцияны 90,0% келген сайлаушылардың 90,6%-ы қолдады.

Содан бері 30 тамызда Қазақстанда мемлекеттік мереке – Конституция күнін атап өтуде.

2007 жылғы мамырда Конституцияға елдің Негізгі Заңына республикалық референдумға шығарылған өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп белгіленген түзетулер енгізілді (91-б. 1-т.).

Мұндай тәсіл басқа нормативтік құқықтық актілермен салыстырғанда Конституцияны өзгертудің неғұрлым күрделі тәртібін көздейді, конституциялық нормалардың өздерінің рөлін арттырады.

27 жыл бұрын өткен референдумнан кейін, қолданыстағы Конституция қабылданғаннан бері барлық кейінгі конституциялық реформалар Парламентте мақұлданды.

Қазақстанда тікелей демократияның нысаны ретінде референдумдар өткізу практикасын одан әрі кеңейту, референдум туралы заңнаманы қатар жетілдіру мемлекетті басқарудағы демократиялық бастаулардың дамуына, маңызды мемлекеттік шешімдер қабылдаудағы биліктің жалғыз көзі ретіндегі халықтың рөлін арттыруға ықпал ететін болады.

Көптеген демократиялық елдерде референдум институты дағдарыс жағдайындағы маңызды мемлекеттік мәселелерді шешудің негізгі тетігі болып табылады.

1.3. 2022 ЖЫЛҒЫ 5 МАУСЫМДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ

Азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуды кеңейтуге және саяси процестерді терең демократияландыруға деген көп жылғы сұрау салуы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген саяси жүйені түбегейлі өзгертуге арналған бастамаларын анықтады.

Мемлекет басшысының дамудың саяси моделін қайта құру жөніндегі ұсыныстарын іске асыру конституциялық реформаны талап етеді. Осыған байланысты Президенттің тапсырмасы бойынша Конституцияға өзгерістер жобасын дайындау үшін арнайы жұмыс тобы құрылды, оның құрамына көрнекті құқықтанушы ғалымдар, тәжірибелі сарапшылар, уәкілетті органдардың өкілдері кірді.

Барлық новеллалар егжей-тегжейлі қаралғаннан кейін түзетулер жобасы Конституциялық Кеңеске жолданды, ол өзінің 2022 жылғы 4 мамырдағы №1 қорытындысында новеллалар Конституцияның 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келеді деп таныды.

2022 жылғы 29 сәуірде Қазақстан халқы Ассамблеясының отырысында сөйлеген сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі бойынша референдум өткізуді ұсынды.

2022 жылғы 5 мамырда Мемлекет басшысы «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасының

Конституциялық заңына қол қойды.

Сол күні, 2022 жылғы 5 мамырда **«2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы»** Қазақстан Республикасы Президентінің № 888 Жарлығы шықты.

Республикалық референдумға 2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?»** деген сұрақтың тұжырымы бойынша **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** заң жобасы шығарылады.

Үкіметке Орталық референдум комиссиясымен, Қазақстан Республикасының басқа да орталық мемлекеттік органдарымен және жергілікті атқарушы органдарымен бірлесіп, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізу жөнінде қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

Төменде **«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасы Заңының жобасы келтірілген.

1-бап. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 4-баптың 1-тармағындағы «Кеңесінің» деген сөз «Сотының» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. 6-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін.».

3. 15-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.».

4. 23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «2. Республика Конституциялық Сотының, Жоғарғы Сотының және өзге де соттарының төрағалары мен судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатасының төрағалары мен мүшелері, әскери қызметшілер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, құқық қорғау органдарының қызметкерлері саяси партияларда, кәсіптік одақтарда болмауға, қандай да бір саяси партияны қолдап сөйлемегуге тиіс.».

5. 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Өркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп тану туралы сот актісінің негізінде не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.».

6. 42-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Ант беру қаңтардың екінші сәрсенбесінде салтанатты жағдайда Парламент депутаттарының, Конституциялық Сот, Жоғарғы Сот судьяларының, сондай-ақ Республиканың экс-Президенттерінің қатысуымен өткізіледі. Конституцияның 48-бабында көзделген жағдайда Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін өзіне қабылдаған адам Республика Президентінің өкілеттігін қабылдаған күнінен бастап бір ай ішінде ант береді.»;

2) 5-тармақтың екінші бөлігі алып тасталсын.

7. 43-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын: «3. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.».

8. 44-бапта:

1) 2) тармақшадағы «Парламент Сенаты» деген сөздер «Парламент» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3) тармақшадағы «облыстар, республикалық маңызы бар қалалар мен астана әкімдері актілерінің күшін жояды не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұрады;» деген сөздер алып тасталсын;

3) 4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «4) Парламент Сенатының келісімімен Қазақстан Республикасы Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды; оларды қызметтен босатады;»;

4) 7) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 10-1) тармақшадағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 19) тармақшадағы «хатшысын» деген сөз «кеңесшісін» деген сөзбен ауыстырылсын.

9. 46-баптың 4-тармағы алып тасталсын.

10. 47-бапта:

1) 1-тармақтағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. 50-бапта:

1) 2-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: «Сенаттың он депутатын, оның ішінде бесеуін Қазақстан халқы

Ассамблеясының ұсынысы бойынша Республика Президенті тағайындайды.»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік ету жүйесі бойынша, сондай-ақ бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша сайланатын тоқсан сегіз депутаттан тұрады.».

12. 51-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжіліс депутаттарының кезекті сайлауы Парламенттің жұмыс істеп тұрған сайланымы өкілеттігінің мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын өткізіледі.».

13. 52-баптың 5-тармағының үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын.«Парламент Мәжілісінің депутаты:

1) депутат конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде өзін сайлаған саяси партиядан шыққан немесе шығарылған;

2) конституциялық заңға сәйкес партиялық тізім негізінде депутатты сайлаған саяси партия қызметін тоқтатқан;

3) бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.».

14. 53-бапта:

1) мынадай мазмұндағы 1-1) және 1-2) тармақшалармен толықтырылсын: «1-1) конституциялық заңдарды қабылдайды;

1-2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған конституциялық заңдар немесе конституциялық заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Парламент әрбір Палата депутаттарының жалпы санының төрттен үшінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде конституциялық заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылықтары еңсерілмесе, конституциялық заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;»;

2) 2) тармақшадағы «Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің» деген сөздер «Жоғары аудиторлық палатаның» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 6) тармақшадағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

15. 54-бапта:

1) 1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «1. Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселелерді әуелі – Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы заңдар қабылдайды, оның ішінде:»;

2) 2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «2) Республика Президентінің қарсылығын туғызған заңдар немесе заңның баптары бойынша қарсылықтар жіберілген күннен бастап бір ай мерзімде қайталап талқылау мен дауысқа салуды жүргізеді. Бұл мерзімнің сақталмауы Президент қарсылықтарының қабылданғанын білдіреді. Егер Мәжіліс пен Сенат әрбір Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен Президенттің қарсылықтарын еңсерсе, Президент бір ай ішінде заңға қол қояды. Егер Президенттің қарсылығын ең болмаса Палаталардың бірі еңсермесе, заң қабылданбады немесе Президент ұсынған редакцияда қабылданды деп есептеледі;».

16. 55-бапта:

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «2) Республика Президентінің Республика Конституциялық Сотының Төрағасын, Ұлттық Банкінің Төрағасын, Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын, Бас Прокурорын, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын тағайындауына келісім беру;»;

2) 3) тармақша «судьяларын» деген сөзден кейін «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді» деген сөздермен толықтырылсын.

17. 56-баптың 1-тармағында:

1) 1) тармақшадағы «және осы жобаларды қарау» деген сөздер алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын: «3-1) Жоғары аудиторлық палата Төрағасының есебін жылына екі рет тыңдау;».

18. 57-баптың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «1) Конституциялық Соттың үш судьясын қызметке тағайындайды; Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғары аудиторлық палатаның үш мүшесін бес жыл мерзімге қызметке тағайындайды;».

19. 58-баптың 3-тармағының 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын: «7) Палаталарға Конституциялық Соттың судьялары, Орталық сайлау комиссиясының, Жоғары аудиторлық палатаның мүшелері қызметіне тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;».

20. 61-бапта:

1) 2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын: «Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады.»;

2) 3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Осы баптың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген заң жобалары Парламентке енгізілген жағдайда, Республика Үкіметі осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мәселелер бойынша заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға өзінің жауапкершілігімен хақылы, олар Парламент қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Парламент заңдарды қабылдамағанға дейін қолданыста болады.»;

3) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын: «4. Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған заң Сенатқа беріледі, ол онда алпыс күннен асырылмай қаралады. Мәжіліс заң жобасын депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен тұтастай қабылдамауға хақылы. Бас тартылған заң жобасы қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады. Сенат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен мақұлданған заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Сенат заңды тұтастай немесе оның жекелеген баптарын мақұлдаса, онда заң Мәжіліске қайтарылады. Бұл ретте Сенат Мәжіліске заңның жекелеген баптарының редакциясын ұсынуға құқылы. Егер Сенат алпыс күннің ішінде тиісті шешім қабылдамаған жағдайда, заң Президенттің қол қоюына беріледі.

5. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына депутаттардың жалпы санының көпшілік даусымен келіссе, Мәжіліс заңды жаңа редакцияда қабылдаған және Сенат мақұлдаған болып есептеледі және он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер Мәжіліс заңның жекелеген баптарының Сенат ұсынған редакциясына сол көпшілік дауыспен қарсылық білдірсе, сондай-ақ егер Сенат заңды тұтастай мақұлдамаған жағдайда, Палаталар арасындағы келіспеушіліктер келісу рәсімдері арқылы шешіледі. Заңның келісу комиссиясы тұжырымдаған редакциясы осы баптың 4-тармағында белгіленген тәртіппен Мәжілістің және Сенаттың қарауына жатады. Мәжіліс келісу комиссиясы ұсынған редакциядағы заңды Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылдамаған жағдайларда, Мәжіліс бұрын қабылданған редакциядағы заң бойынша қайтадан дауысқа салуды жүргізеді. Егер қайтадан дауысқа салу кезінде Мәжіліс Палата депутаттары жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді бекітсе, заң он күннің ішінде Президенттің қол қоюына беріледі. Егер заң Мәжіліс депутаттарының көрсетілген көпшілік даусын алмаса, заң қабылданбады деп есептеледі және бастамашыға қайтарылады.»;

4) 5-1-тармақ алып тасталсын.

21. 62-бапта:

1) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «5. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Палаталар депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен заңдарды Мәжіліс қабылдайды, Сенат мақұлдайды. Егер Конституцияда өзгеше көзделмесе, Парламенттің және оның Палаталарының қаулылары Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.»;

2) 6-тармақ «бойынша» деген сөзден кейін «, конституциялық заңдардың жобалары бойынша» деген сөздермен толықтырылсын.

22. VI бөлімнің тақырыбындағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын.

23. 71-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«71-бап

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты Төрағаны қоса алғанда, он бір судьядан тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Бір адам Конституциялық Соттың судьясы болып қатарынан екі реттен артық тағайындала алмайды.

2. Конституциялық Соттың Төрағасын Парламент Сенатының келісімімен Республиканың Президенті тағайындайды.

3. Конституциялық Соттың төрт судьясын – Республика Президенті, Конституциялық Соттың үш-үш судьясын тиісінше Сенат пен Мәжіліс тағайындайды. Республика Президенті Конституциялық Сот Төрағасының ұсынуымен Конституциялық Сот Төрағасының орынбасарын Конституциялық Сот судьяларының арасынан тағайындайды.

4. Конституциялық Соттың судьясы қызметі депутаттық мандатпен, оқытушылық, ғылыми немесе өзге шығармашылық қызметтен басқа, өзге де ақы төленетін қызметтерді атқарумен, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен, коммерциялық ұйымның басшы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кірумен сыйыспайды.

5. Конституциялық Соттың судьяларын өздерінің өкілеттігі мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыстар жасаған реттерді қоспағанда, Парламенттің келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды.

6. Конституциялық Соттың ұйымдастырылуы мен қызметі конституциялық заңмен реттеледі.».

24. 72-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңес» деген сөз «Сот» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 3, 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын: «3. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды. Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.

4. Конституциялық Сот осы баптың 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген мәселелерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін Республика Бас Прокурорының өтініштері бойынша қарайды.

5. Конституциялық Сот Конституцияда бекітілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Республика Конституциясына сәйкестігін Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өтініші бойынша қарайды.».

25. 73-бапта:

1) 1 және 2-тармақтардағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «3. Конституциялық Сот өз шешімін конституциялық заңда белгіленген мерзімдерде шығарады.».

26. 74-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Конституциялық Сот шешім қабылдаған күннен немесе ол белгілеген күннен бастап конституциялық емес деп танылған, оның ішінде адамның және азаматтың Конституцияда баянды етілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де құқықтық актілердің, олардың жекелеген ережелерінің күші жойылады және қолданылуға жатпайды.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

27. VII бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «VII бөлім Соттар және сот төрелігі. Прокуратура. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл».

28. 78-баптағы «Кеңеске» деген сөз «Сотқа» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. 82-баптың 4 және 5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын: «4. Жоғары Сот Кеңесінің Төрағасын Республика Президенті Парламент Сенатының келісімімен бойынша тағайындайды.

5. Жоғары Сот Кеңесінің мәртебесі, құрамын қалыптастыру тәртібі және жұмысын ұйымдастыру заңда айқындалады.».

30. 83-баптың 4-тармағындағы «заңмен» деген сөздер «конституциялық заңда» деген сөздермен ауыстырылсын.

31. Мынадай мазмұндағы 83-1-баппен толықтырылсын:

«83-1-бап

1. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

3. Қылмыс орнында ұстап алынған немесе ауыр қылмыстар жасаған жағдайлардан басқа кезде, Адам құқықтары жөніндегі уәкілді өз өкілеттігінің мерзімі ішінде тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен

белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы және қызметін ұйымдастыру конституциялық заңда айқындалады.».

32. 87-бапта:

1) 4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін тиісінше облыстың аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті қызметке тағайындайды. Республика Президенті дауыс беру жүргізілетін кемінде екі кандидатураны ұсынады. Дауыс беруге қатысқан мәслихат депутаттарының көп дауысын алған кандидат олардың келісімін алды деп есептеледі. Өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері заңда айқындалатын тәртіппен қызметке тағайындалады немесе сайланады, сондай-ақ қызметінен босатылады. Республика Президенті өзінің ұйғаруы бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметінен босатуға құқылы.»;

2) 5-тармақтың екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын: «Бұл жағдайда мәслихат өз депутаттарының жалпы санының көпшілік даусымен әкімге сенімсіздік білдіруге және оны қызметінен босату жөнінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдеріне қатысты тиісінше Республика Президентінің не өзге де әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдеріне қатысты жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы.».

33. 88-баптың 4-тармағындағы «Президенті,» деген сөз алып тасталсын.

34. 91-бапта:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: «2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгермейді.»;

2) 3-тармақтағы «Кеңестің» деген сөз «Соттың» деген сөзбен ауыстырылсын.

35. Мынадай мазмұндағы 99-баппен толықтырылсын:

«99-бап

1. Конституциялық Сот және Жоғары аудиторлық палата құрылғанға дейін Конституциялық Кеңестің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағалары мен мүшелері өз өкілеттіктерін сақтайды. Конституциялық Сот құрылғанға дейін Конституцияның 72-бабының 1 және 2-тармақтарында көзделген Конституциялық Соттың функцияларын Конституциялық Кеңес жүзеге асырады.

2. Конституциялық Кеңестің нормативтік қаулылары Конституцияға қайшы келмейтін бөлігінде оларды Конституциялық Сот қайта қарағанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының Парламент Палаталарын қалыптастыру туралы ережелері сегізінші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылады.».

2-бап.

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық заңдарды және заңдарды қабылдау тәртібін, сондай-ақ Конституциялық Соттың қызметін айқындайтын ережелері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі. 2023 жылдың 1 қаңтарына Мәжіліс мақұлдаған және Парламенттің қарауындағы заң жобалары заңдар болып есептеледі және Қазақстан Республикасы Конституциясының 61-бабында белгіленген тәртіппен қаралады.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының лауазымды адамдарға өкілеттіктер берудің жаңа тәртібін белгілейтін нормалары, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында өзгеше көзделмесе, осы лауазымды адамдардың өкілеттік мерзімінің өтуіне немесе өкілеттігінің тоқтатылуына қарай қолданысқа енгізіледі.

3. Жоғарғы аудиторлық палатаның құрамы қалыптастырылғанға дейін Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асыруды жалғастырады.

3-бап. Осы Заң референдумның қорытындылары туралы хабарлама ресми жарияланған күнінен бастап, осы Заңның 2-бабының ережелері ескеріле отырып қолданысқа енгізіледі.*

** «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы 2022 жылғы 6 мамырда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды.*

2-ТАҚЫРЫП. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мақсаты: референдум саласындағы халықаралық құқық дереккөздерімен таныстыру, республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізудің құқықтық негіздері мен ерекшеліктерін, республиканың референдум құқығының көздерін, референдум өткізудің мәні, принциптері мен негізгі рәсімдерін, азаматтардың референдумға қатысу құқығын іске асырудағы референдум комиссияларының орны мен рөлін зерделеу.

Жоспар:

- 2.1. Референдумның халықаралық стандарттары.
- 2.2. Республикалық референдумның конституциялық негіздері.
- 2.3. Республикалық референдум өткізгенде талқысына қойылатын мәселелер, принциптері
- 2.4. Республикалық референдумды тағайындау және дайындау
- 2.5. Республикалық референдум комиссиялары: құқықтық мәртебесі мен өкілеттігі.
- 2.6. Референдумға қатысу бостандығының кепілдіктері. Шағымдар мен өтініштерді қарау

2.1. РЕФЕРЕНДУМДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ


Халықаралық стандарттар – бұл оларды әзірлеуге және мақұлдауға қатысқан мемлекеттер келісетін ең аз қажетті мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Сайлау мен референдумның халықаралық стандарттарын басшылыққа ала отырып, мемлекеттер өздерінің юрисдикциясындағы адамдарға еркін, әділ, шынайы және мерзімді сайлау өткізуге қатысу құқықтары мен бостандықтарын беруге тиіс.

Саяси құқықтар мен бостандықтар жүйесінде азаматтардың мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы сайланбалы лауазымдарға сайлау және сайлану, сондай-ақ референдумға қатысу құқықтары ерекше орын алады. Халықаралық құқық нормалары бұл құқықтарды тікелей демократия институттары, халықтың өз билігін жүзеге асыру нысандары ретінде қарастырады.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 21-бабының 3-тармағында: «Халықтың еркі үкімет билігінің негізі болуы керек; бұл ерік мерзімді және бұрмаланбаған сайлауда көрініс табуы керек, олар жалпыға бірдей және тең сайлау құқығымен жасырын дауыс беру арқылы немесе дауыс беру еркіндігін қамтамасыз ететін басқа балама нысандар арқылы өткізілуі керек».

Ел Конституциясына сәйкес референдум арқылы мемлекеттік және қоғамдық өмір мәселелерін шешуді халыққа ұсыну тікелей демократияның

нысаны болып табылады, ол Қазақстан Республикасының өзіне алған және 1990 жылғы 29 маусымдағы **ЕҚЫК-нің (ЕҚЫҰ) Адами өлшем жөніндегі конференциясының Копенгаген кеңесі құжатының** 6-параграфынан туындайтын міндеттемелерге: «Қатысушы-мемлекеттер тиісінше өз азаматтарының тікелей немесе әділ сайлау процесі барысында өздері еркін сайлайтын өкілдер арқылы елді басқаруға қатысу құқығын құрметтейді» толық көлемде сәйкес келеді.



2-сүрет. Референдумды қолданудың халықаралық стандарттары

Референдумдарды өткізудің халықаралық негізгі тәсілдері Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясының (ЕКПА 1704) 2005 жылғы «Референдумы: Еуропадағы тиісті практика бағытында» ұсынымында және 2007 жылы Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венециан комиссиясы) қабылдаған Референдум өткізудің тиісті практикасы кодексінде бекітілген.

Референдумдарды ұйымдастыру мен өткізу саласындағы бастапқы құқықтық база рөлін атқаратын халықаралық құжат *«Референдумдарды өткізу кезінде ұсынылатын нормалар жиынтығы»* болып табылады. Референдумдар өткізуді регламенттейтін негізгі ережелерді 2006 жылы демократиялық сайлау жөніндегі кеңес пен Еуропа Кеңесі жанындағы конституциялық құқық жөніндегі консультативтік орган – **Венециандық комиссия** әзірледі, Қазақстан Республикасы 2012 жылғы 13 наурыздан бастап оның толық құқылы мүшесі болып табылады.

Бұл Жинақ 2008 жылы қабылданды және сайлау құқығы мен саяси партиялар саласындағы Венециан комиссиясының негізгі құжаттарының бірі болып табылады. Онда референдумды қолданудың негізгі принциптері, дауыс беру тәртібі, қатысушылардың құқықтарын сақтау шарттары, референдумға шығарылатын мәселелер мен заңнамалық актілердің заңдылығы, бастама бойынша нақты нормалар, референдумның сипатына байланысты процедуралық салдарлар сипатталады. Сондай-ақ референдум өткізуді ұлттық та, халықаралық та байқаушыларға бақылауды

жүзеге асыру үшін барынша кең мүмкіндіктер беру туралы талаптарды қамтиды.

2.2. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасында **республикалық референдум туралы заңдарға** мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының Конституциясы		«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң
ҚР «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңына қайшы келмейтін ҚР «ҚР-дағы сайлау туралы» Конституциялық заңы		Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар актілері

3-сурет. Республикалық референдум туралы заңдар

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы;
- 3) «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң;
- 4) Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар актілері.

Жалпы алғанда, бүкілхалықтық дауыс беру институты мемлекеттің Негізгі заңында бекітілді, ал оның кең тараған форматы Қазақстан Республикасының «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңында бекітілді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында референдум бүкілхалықтық дауыс беру бола отырып, демократияның маңызды институты болып танылды.

Қазақстан Республикасының Негізгі заңы республикалық референдумды республика қызметінің түбегейлі принциптерінің бірі ретінде бекітті. Конституцияның 1-бабының 2-тармағында мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелері демократиялық әдістермен, оның ішінде

республикалық референдумда дауыс беру арқылы шешіледі делінген.

ҚР Конституциясының 3-бабының 1, 2- тармақтарына сәйкес «биліктің бірден-бір бастауы – халық», ол «билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді».

Басқаша айтқанда, Конституция халыққа мемлекеттік және қоғамдық өмір мәселелерін тікелей демократия түрінде, яғни референдум (жалпыхалықтық дауыс беру) арқылы немесе өз өкілдері арқылы сайлау жолымен шешуге мүмкіндік береді.

ҚР Конституциясының 33-бабының 2, 3-тармақтарында: «Республика азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауға және оларға сайлануға, сондай-ақ республикалық референдумға қатысуға құқығы бар» делінген. Бұл ереже «сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында ұсталатын азаматтардан» басқа барлық азаматтарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 10-тармағына сәйкес республикалық референдум өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

Конституцияның 91-бабының 1-тармағы, егер республикалық референдумға қатысуға құқығы бар республика азаматтарының жартысынан астамы дауыс беруге қатысса, республикалық референдум өткізілді деп есептелетінін анықтайды. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы № 2592 Конституциялық заңы (бұдан әрі - «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңы) республикалық референдумды тағайындау, дайындау және өткізу тәртібін айқындайды.

Референдумда дауыс беру уақыты, орны, оны ұйымдастыру, учаскеде дауыс санауға, әкімшілік-аумақтық бөліністе дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты өзге де мәселелер «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен реттеледі (38, 41, 43-баптар).

2.3. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТКІЗГЕНДЕ ТАЛҚЫСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР, ПРИНЦИПТЕРІ

Республикалық референдумның талқысына қойылатын мәселелер

Қабылданған шешімдердің заңдық салдары, мәні, оны өткізу тәртібі, ҚР «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңымен бекітілген.

Республикалық референдум талқысына қойылатын мәселелер:	Республикалық референдумның талқысы бола алмайтын мәселелер:
1 Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу	1 адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын
2 Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелері	2 мемлекеттің тәуелсіздігі, мәртебесі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысанын Республика қызметінің түбегейлі принциптері
	3 Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекаралары
	4 сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау
	5 бюджет пен салық саясаты
	6 рақымшылық пен кешірім жасау
	7 Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;
	8 Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері

4-сүрет. Республикалық референдумның мәні

Аталған актінің 2-бабына сәйкес референдум талқысына:

1) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

2) Республиканың мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелерін шешу қойылуы мүмкін.

ҚР «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 3-бабы республикалық референдумның талқысы бола алмайтын мәселелерді белгілейді. Атап айтқанда, мыналар:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын;

2) мемлекет тәуелсіздігін, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығын, оны басқару нысанын, Республика қызметінің түбегейлі принциптерін өзгерту;

3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекараларының;

4) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті қорғау;

5) бюджет пен салық саясаты;

6) рақымшылық пен кешірім жасау;

7) Республика Президентінің, Парламент Палаталары мен Үкіметінің қарауына жататын адамдарды лауазымға тағайындау және сайлау, лауазымынан босату;

8) Республиканың халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелерін орындау мәселелері референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды.

Республикалық референдум өткізу принциптері



5-сурет. Республикалық референдум өткізудің принциптері

Референдум өткізу:

- 1) азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі;
- 2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы;
- 3) жариялылық принциптеріне негізделеді.

Республикалық референдумға қатысу құқығы



Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі.



Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ.

6-сүрет. Республикалық референдумға қатысу құқығы

Референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтарына беріледі.

Сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың референдумға қатысуға құқығы жоқ. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады.

Жариялылық қағидаты азаматтардың, республиканың қоғамдық бірлестіктерінің референдумға қойылған мәселе (мәселелер) бойынша жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиындарында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру құқығын қамтамасыз етуге кепілдік беруді көздейді.

Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ашық әрі жариялы жүзеге асырылады.

Азаматтар референдумға тікелей, тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа не тең дауыс санына ие болады.

Азаматтарды республикалық референдум туралы хабардар ету



және заңмен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен...

7-сүрет. Азаматтарды хабардар ету

Референдумды өткізу туралы шешім мен оған қойылатын мәселе (мәселелер) азаматтардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жеткізіледі.

Қазіргі жағдайда азаматтарды республикалық референдум өткізу туралы хабардар ету тәсілдері бұқаралық ақпарат құралдарымен шектелмейді. Заңмен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен: әлеуметтік желілерде, мобильді операторлардың SMS хабарламаларымен, WHATS UPP, Telegram мобильді бағдарламалары арқылы, ақпаратты қоғамдық орындарда ілінген стендтерге орналастыруда және т. б. хабардар етуге болады.

Референдум комиссиялары референдум өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өзінің жұмысы туралы, дауыс беретін учаскелер құру, комиссиялардың құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі туралы азаматтарды хабарландырады.

Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың референдум комиссиялары жанында тіркелген өкілдерінің республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға баруына кепілдік беріледі

Республикалық референдум қарсаңындағы үгіт

Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табынуға үгіттеуге жол берілмейді

Барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды басып шығарған орын мен таралым, оларды шығаруға

жауапты адамдар туралы мәліметтер болуға тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады.

Референдумның қарсаңындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады. Дауыс беретін жайлардан басқа жерлерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдарының, плакаттардың бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін.

Республикалық референдумды қамтамасыз ету

Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар тек қана республикалық бюджет есебінен жұмсалады.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын береді.

Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, заңды тұлғалары мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады.

2.4. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ

Президентке өтінішпен референдум тағайындау туралы бастаманың субъектілері:

1) Қазақстан Республикасының Президентінде;

2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Парламент Палаталардың бөлек отырысында мәселені әуелі - Мәжілісте, ал содан кейін Сенатта өз кезегімен қарау арқылы жүзеге асырады және Парламент Палаталарының тиісті қаулыларымен ресімдейді (ҚР Конституциясының 44-б.);

3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді. Бастамашылық көтеруді Үкімет өзінің мәжілісінде мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырады және тиісті қаулымен ресімдейді;

4) Сан жағынан Республиканың барлық облыстарын, астанасы мен республикалық маңызы бар қалаларын тең мөлшерде білдіретін республикалық референдумға қатысу құқығы бар екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады, олар республикалық референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Республика Президентіне тілек білдіреді.

Осылайша, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 11-бабы азаматтарға референдум тағайындау туралы бастама көтеру құқығын береді.

Конституцияға сәйкес республикалық референдум өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар жалғыз субъект Президент болып табылады. Сонымен қатар, Президент өз бастамасы бойынша республикалық референдум тағайындай алады. Парламент тек республикалық референдум өткізу жөнінде бастама көтере алады. Мұндай бастамамен Парламент Президентке жүгіне алады. Президент Парламенттің бастамасын қолдауға немесе қолдамауға құқылы.



8-сүрет. Республикалық референдум тағайындау бастамашылығы

Бір ғана мәселе (бір ғана мәселелер) бойынша референдум тағайындау туралы ұсыныстар қайтара енгізілуі мүмкін және оларды Республика Президенті аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл өткеннен соң ғана қайтадан қарайды.

Егер референдум өткізу туралы бастамашылықты азаматтар көтерген жағдайда құрамына Қазақстан Республикасының әр облысынан, астанасынан және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде үш-үштен өкіл кіретін референдумның бастамашыл тобы құрылады.

Республика Президенті Парламент пен Үкіметтің немесе Республика азаматтарының бастамашылығы бойынша референдум тағайындау туралы мынадай:

- 1) референдум тағайындау туралы;

2) референдум өткізбей-ақ, оның талқысына ұсынылатын мәселе (мәселелер) бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы;

3) референдум тағайындау туралы бастамашылықты қабылдамау туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Егер Республика Президенті Конституцияға өзгерістер мен толықтыруларды республикалық референдумға шығару туралы Парламенттің ұсынысын қабылдамай тастаса, Парламент Палаталарының әрқайсысының депутаттары жалпы санының кемінде бестен төртінші, көпшілік даусымен Парламент Конституцияға осы өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы заң қабылдауға құқылы. Мұндай жағдайда Республика Президенті сол заңға қол қояды немесе оны республикалық референдумға шығарады (Қазақстан Республикасы Конституциясының 91 б.).

Республика Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, олардың Қазақстан Республикасы Конституциясының 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы Конституциялық Кеңестің қорытындысы болған жағдайда, республикалық референдумға немесе Республика Парламентінің қарауына шығарылады.

Референдум тағайындау туралы шешімді Республика Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды, онда:

1) референдумды өткізу мезгілі;

2) оған қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасы белгіленеді;


3) референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі.

Республика Президенті референдум бастамашыларының келісуімен оны өткізгенге дейін оның бастамашыларының еркін неғұрлым дәл білдіру үшін референдумға қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасын нақтылай түсуге хақылы.

Референдум тағайындау туралы Республика Президентінің Жарлығы, Конституция, конституциялық заң, заң жобаларының мәтіндері, оларға енгізілген өзгертулер мен толықтырулар бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Референдум оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін.

ҚР Президентінің а.ж. 5 мамырдағы №888 Жарлығын іске асыру шеңберінде ҚР Орталық референдум комиссиясы бірінші отырыста а. ж. 6 мамырдағы № 32/482 қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды дайындау мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың **республикалық референдумының күнтізбелік жоспарын** бекітті.



9-сурет. Республикалық референдумның күнтізбелік жоспары

2.5. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ МЕН ӨКІЛЕТТІГІ

Референдумға дайындық пен оны өткізуді мыналар жүзеге асырады:

- 1) **Орталық референдум комиссиясының** функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы;
- 2) **аумақтық референдум комиссияларының** функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының аумақтық сайлау комиссиялары;
- 3) **учаскелік референдум комиссияларының** функциясын орындаушы учаскелік сайлау комиссиялары.




10-сурет. Республикалық референдум органдарының жүйесі

Осылайша, Қазақстанда республикалық референдумға дайындық пен оны өткізуді ұйымдастыратын мемлекеттік сайлау органдары сайлау комиссиялары болып табылады.

Референдум комиссияларының дербес мемлекеттік сайлау органдары ретіндегі құқықтық мәртебесі (бұл ретте олардың мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады) олардың:

- өз құзыреті бар («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 21, 22, 23-баптары);
- өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан тәуелсіз;
- өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 24-бабы 1-тармағы);
- референдум комиссияларының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруы кезінде олардың жұмысына араласуына жол берілмейді («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 6-бабы 4-тармағы);
- референдум комиссиялары республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады, сондай-ақ референдумды әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар тек қана республикалық бюджет есебінен жұмсалады; халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, заңды тұлғалары мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына тыйым салынады («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 8-бабының 1,3 тт.);
- референдум комиссиясының қызметі референдум комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе Орталық референдум комиссиясының өтініші негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

Аталған құқықтық мәртебе референдум комиссияларының қызметіндегі тәуелсіздік принципін айқындайды.



11-сурет. Республикалық референдум комиссиялары қызметінің принциптері

Барлық деңгейдегі референдум комиссияларының – Орталық, аумақтық, учаскелік - отырыстары оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда құқылы.

Барлық деңгейдегі референдум комиссиялары – Орталық, аумақтық, учаскелік өз шешімдерін оның мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылдайды. «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес шешім қабылдау үшін учаскелік референдум комиссиясы мүшелерінің жалпы санының үштен екісінің көпшілік дауысы қажет болатын жағдайларды қоспағанда.

Референдум комиссияларының өз өкілеттіктері шегінде қабылдаған шешімдері тиісті аумақтағы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдардың, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғаларының орындауы үшін міндетті.

Мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар, сондай-ақ олардың лауазымды тұлғалары референдум комиссияларының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруында оларға жәрдемдесіп отыруға, жұмысы үшін қажетті мәліметтер мен материалдарды табыс етуге, өзге де көмек көрсетуге міндетті.

Референдум комиссияларының өкілеттіктері:

Орталық референдум комиссиясы (бұдан әрі - ОРК):

1) Республикасының бүкіл аумағында референдум туралы заңның орындалуын бақылауды жүзеге асырады; оның біркелкі қолданылуын қамтамасыз етеді; өз құзыреті шегінде Республиканың бүкіл аумағында міндетті шешімдер қабылдайды;

2) референдумға дайындық пен оны өткізуді ұйымдастырады;

3) референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған шығыс сметасының жобасын жасайды және оны Республиканың Үкіметіне табыс етеді;

4) референдум комиссияларына басшылықты жүзеге асырады, олардың шешімдерін жояды және кідірте тұрады; референдумды ұйымдастыру мен өткізуге арналған қаражатты олардың арасында бөледі;

5) референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін бақылайды;

6) референдум туралы заңдардың бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;

7) дауыс беруге арналған бюллетеньдердің, сайлаушылар тізімінің, қол қою парақтарының, референдум өткізу үшін қажетті өзге де құжаттардың нысандары мен мәтіндерін; дауыс беру уақытын; референдум құжаттарын сақтау тәртібін белгілейді;

8) референдум комиссияларының, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды тұлғаларының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер жөніндегі есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының сайлау туралы заңды сақтау мәселелері бойынша хабарламаларын тыңдауға хақылы;

9) референдумға дайындықтың барысы туралы азаматтарға хабарлап отырады;

10) Республика бойынша тұтас алғанда референдумның қорытындыларын шығарады, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарына хабар берілуін қамтамасыз етеді;

11) референдумның бастамашыл тобын және оның референдумға ұсынатын мәселесін (мәселелерін) тіркеуді жүзеге асырады және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ресми хабар орналастырады;

12) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәліктің нысанын бекітеді;

13) референдумның бастамашыл тобын тіркеу туралы куәлік беруді жүзеге асырады, сонымен бір мезгілде қол қою парақтарын береді;

14) осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда бастамашыл топ мүшелерінің қызметін; бастамашыл топтың қызметін тоқтату туралы және оны тіркеу жөніндегі куәлікті қайтарып алу туралы шешім қабылдайды;

15) осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда жекелеген учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бірліктерде) референдум өткізуді жарамсыз деп таниды.

Аумақтық референдум комиссиялары (бұдан әрі - АРК):

- 1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністердің аумағында референдум туралы заңның орындалуына бақылауды жүзеге асырады;
- 2) учаскелік комиссиялардың қызметін ұйымдастырады, референдум өткізуге арналып бөлінген қаражатты олардың арасында бөледі;
- 3) учаскелік референдум комиссияларын материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жай-күйін бақылайды;
- 4) референдум туралы заңның бұзылуы туралы арыздар мен шағымдарды қарайды;
- 5) учаскелік референдум комиссияларының, жергілікті мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер жөніндегі есептерін, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер органдарының референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты мәселелер бойынша хабарламасын тыңдауға хақылы;
- 6) учаскелік референдум комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағындағы референдумның нәтижелерін шығарады;
- 7) референдумның бастамашыл тобының қол қою парақтарының осы Конституциялық заңда белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

Учаскелік референдум комиссиялары (бұдан әрі - УРК):

- 1) азаматтарды республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімімен таныстырады, тізімдегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарайды, оларға тиісті өзгертулер енгізу туралы мәселелерді шешеді;
- 2) азаматтарды дауыс беретін күн, уақыт, орын және оның тәртібі туралы хабардар етеді;
- 3) үй-жайларды дайындайды және дауыс беруге арналған кабиналар мен урналардың жасалуын қамтамасыз етеді;
- 4) референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастырады;
- 5) учаскеде дауыстың саналуын жүргізеді және дауыс берудің нәтижелерін анықтайды;
- 6) учаскеде дауыс беруге дайындық пен оны ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және солар бойынша шешімдер қабылдайды;

7) бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы шешім қабылдайды.

Референдум комиссиясы мүшесінің мәртебесі

Қазақстан Республикасының заңнамасы референдум комиссиясы мүшесінің мәртебесін белгілейді және бұл ретте оның жауапкершілігін айқындайды.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 20-бабына және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 19-бабына сәйкес референдум комиссияларының қызметін атқаратын сайлау комиссияларының мүшелері мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады. Референдум комиссияларының мүшелерін референдумды әзірлеу мен өткізу кезеңінде жұмыс берушінің бастамасы бойынша олардың келісімінсіз жұмыстан шығаруға не басқа жұмысқа ауыстыруға болмайды

Заңнама референдум комиссиясы мүшелерінің тиісті комиссия отырыстарын өткізу туралы тиісті ақпарат алу, өзі құрамында тұрған комиссияның құжаттарымен және материалдарымен танысу, олардың көшірмелерін алу құқығын айқындайды. Белгілі бір жағдайларда олар төменгі референдум комиссиясының қызметін тексере алады.

Референдум комиссиясының мүшесі міндетті:

- Конституцияның, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасының талаптарын, жалпы қабылданған әдеп нормаларын сақтауға;

- өзіне жүктелген міндеттерді, референдум комиссиясы мен оның төрағасының, жоғары тұрған референдум комиссиясының шешімдері мен нұсқауларын орындауға;

- референдумға қатысатын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз етуге;

- шешім қабылдау кезінде бейтараптық және тәуелсіздік танытуға;

- өзі өкілі болып табылатын саяси партияның не өзге де қоғамдық бірлестіктің шешімдерімен байланысты емес және олардың мүдделерін қорғауға құқығы жоқ.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 24-бабы, 2-тармағына сәйкес референдум комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы немесе мүшелері комиссиясының шешімі бойынша, референдум өткізуге арналып бөлінген қаражат есебінен орташа жалақысын сақтай отырып, референдумға дайындық пен оны өткізу кезеңінде өндірістік немесе қызметтік міндеттерін орындаудан босатыла алады.

Референдум комиссияларының өзге мүшелеріне осы кезеңде референдум өткізуге бөлінген қаражат есебінен кемінде ең төменгі үш жалақы мөлшерінде жалақы белгіленеді.

Референдум комиссиялары мүшелерінің, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мүшелерінің үстеме жұмысына, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысына, түнгі уақыттағы еңбегіне ақы төлеу референдум өткізуге бөлінген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

Референдумның учаскелік комиссиясының төрағасы не оны алмастыратын комиссия мүшесі сотта және басқа да мемлекеттік органдарда комиссияның мүдделерін білдіреді, сондай-ақ тиісті сенімхат беру арқылы комиссияның мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттіктерді басқа адамдарға беруге құқылы.

2.6. РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ БОСТАНДЫҒЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ. ШАҒЫМДАР МЕН ӨТІНІШТЕРДІ ҚАРАУ

Азаматтардың референдумға қатысу құқықтарының конституциялық кепілдіктері халықаралық-құқықтық актілерде, Конституцияда және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген құқық принциптері: референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі, референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы, жариялылық болып табылады («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 4-бабы).

Референдум туралы заңнама референдумға қатысатын азаматтардың құқықтарының негізгі кепілдіктеріне негізделген, бұл құқықтарды кемсitudiң кез-келген түрінен қорғайды. Қазақстан Республикасының азаматына референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан беріледі. Республиканың өзге азаматтарының референдумға қатысу құқығын қандай да болмасын тікелей не жанама шектеуге жол берілмейді және бұл заң бойынша жазаланады («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң, 5-бап).

Референдумға қатысу бостандығының кепілдіктері құқықтық (тек заңды тәсілдермен қамтамасыз етіледі) және материалдық (мемлекет сайлау бойынша негізгі шығыстарды өз мойнына алады) болып бөлінеді.

Атап айтқанда, құқықтық кепілдіктерге мыналар жатады:

- азаматтардың референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне еңбей қалу, тізімге дұрыс енгізілмеу немесе тізімнен шығарылып тастау жәйттеріне, онда жіберілген жаңсақтықтарға шағымдану құқығы («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 25-бабы, «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның 26-бабы, 4-т.);

- референдумның қарсаңындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салу («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 7-бабы, 4-т);

- республикалық референдум туралы заңды бұзу заңда белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеліп соғады («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 36-бабы, 1-т);

- мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың референдумды ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі іс-әрекетіне сотқа шағым жасау мүмкіндігі («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 36-бабы, 2-т);

«ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңының «Сайлау бостандығының кепілдіктері» деген 9-тарауында мемлекеттік органдардың сайлау бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің кепілдіктерін айқындайтын және олардың референдумға қатысу бостандығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметіне қолданылатын ережелер қамтылған.

Ішкі істер органдары мен тұрғын үй қорын пайдалану жөніндегі ұйымдар дауыс беру кезінде қоғамдық тәртіп пен референдумға қатысу еркіндігін қамтамасыз ету, азаматтардың тізімін нақтылау және референдум комиссияларының қызметінде туындайтын басқа да мәселелер бойынша көмек көрсетуге міндетті.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда заңмен белгіленген тәртіппен жауаптылықты көздейтін бұзушылықтардың тізбесі қамтылған (36-баптың 1-тармағы):

- Республика азаматының референдумға қатысу жөніндегі құқығын еркін жүзеге асыруына,

- оған қойылған мәселе (мәселелер) бойынша үгіт жүргізуіне қандай да болсын нысанда кедергі келтіру,

- сайлау құжаттарын қолдан жасау,

- дауыстарды қасақана дұрыс санамау,

- дауыс беру құпиясын бұзу немесе республикалық референдум туралы заңды өзге де бұзу заңда белгіленген тәртіппен жауаптылыққа әкеліп соғады.

Референдум туралы заңдарға «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заң «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде жататынын назарға ала отырып, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңда сайлау заңнамасын бұзатын адамдардың заңдық жауапкершілігін көздейтін құқық бұзушылықтардың тізбесі бар екенін ескеру керек (50-бап).

Бұл жағдайда адам: сайлау комиссияларының жұмысына араласқан; дауыс беруге кедергі келтірген; дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді атқаруға кедергі келтірген; сайлау құжаттарын қолдан жасаған; дауыстарды алдын-ала дұрыс есептемеген; сайлау нәтижелерін алдын-ала дұрыс анықтамаған;

дауыс беру құпиясын бұзған; республика азаматының өз сайлау құқығын зорлық-зомбылық, алдау, пара беру жолымен еркін жүзеге асыруына кедергі келтірген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Мысалы, 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 150-бабы «Сайлау құқықтарын жүзеге асыруға немесе сайлау комиссияларының жұмысына кедергі жасау»:

- азаматтың өзінің сайлау құқықтарын немесе референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына кедергі жасау – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады;

- сайлау комиссияларының немесе референдум комиссияларының жұмысына заңсыз араласу және дауыс беруге, дауыстарды санауға және сайлаудағы немесе референдумдағы дауыс беру нәтижелерін айқындауға байланысты міндеттерді атқаруға кедергі жасау – бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға жазаланады.

Бұл жағдайда адам қылмыстық жауапкершілікке тартылады: талаптарға сәйкес мәліметтерді ұсынбаған немесе жарияламаған; сайлау комиссиясының өз өкілеттігі шегінде қабылдаған шешімін орындамаған; сайлау алдындағы үгітті сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізген; сайлау алдындағы үгітті жүргізу құқығына кедергі келтірген; сайлау комиссиялары мүшелерінің құқықтарын бұзған; азаматтардың сайлаушылар тізімімен танысу құқығын бұзған; сайлаушылар тізімдерін жасау үшін сайлаушылар туралы қате мәліметтер берген; сайлауға қатысу үшін демалыс бермеген; бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгітті жүргізу шарттарын бұзған; анонимдік үгіт материалдарын дайындау немесе таратқан; үгіт материалдарын қасақана жойған немесе бүлдірген; сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салуды жүргізу шарттарын бұзған; сайлаудағы бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің және байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтіргені үшін әкімшілік және өзге де жауаптылықта болады. Бұзушылықтар анықталған кезде сайлау комиссиясы сотқа не прокуратураға жүгінуге құқылы.

Республикалық референдум барысында референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану және олардың күшін жою

Азаматтарға референдум туралы заңдардың сақталмау фактілеріне шағымдану құқығын бермей референдум өткізудің демократиялық рәсімін сақтау мүмкін емес.

Референдумға дайындық және оны өткізу кезеңінде азаматтардың референдум комиссияларындағы өтініштерімен жұмысты ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға және «Қазақстан

Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады (49-бап).

Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына жеке жүгіну, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдау құқығын бекітеді (33-баптың 1-тармағы).

Орталық және аумақтық референдум комиссияларының өкілеттіктеріне референдум туралы заңдардың бұзылғаны туралы арыздар мен шағымдарды қарау жатады (21-б. 6 - т., 22-б. 5 - т.); учаскелік референдум комиссиялары учаскеде дауыс беруді әзірлеу мен ұйымдастыру мәселелері жөніндегі арыздар мен шағымдарды қарайды және олар бойынша шешімдер қабылдайды («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңның 23-б. 7-т.).

Референдум комиссиялары өз құзыреті шегінде өтініштердің қаралуын қамтамасыз етуге, олар бойынша тиісті шаралар қолдануға және заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде дәлелді жауаптар жіберуге тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңның 20-бабының 9-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шешім қабылданған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасалған күннен бастап он күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына және (немесе) сотқа шағым жасалуы мүмкін. Бұл мерзім соңғы шек болып саналады.

Осы мерзім аяқталғаннан кейін сайлау комиссиясының шешіміне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) арыз қарауға жатпайтынын атап өткен жөн, бұл көбінесе іс жүзінде болады.

Арыздар сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде, сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін арызды қарауды тоқтата тұратынын ескеру қажет. Бұл жағдайда сот келіп түскен арыз және оны қарау нәтижелері бойынша сот шешімінің заңды күшіне енгені туралы сайлау комиссиясына хабарлайды. Бұл принцип міндетті түрде сақталады. Сайлау комиссиялары арызды қарауды тоқтата тұрмаған жағдайларда, сол дау бойынша сот талқылауы туралы оларға алдын-ала белгілі болса да, артық әуре-сарсаңға салу сайлау комиссиясының да, арыз берушінің де уақыттарын алады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 49-бабына сәйкес азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы арыздарын, егер көрсетілген заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап бес күн ішінде қарайды.

Сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды жоғары тұрған комиссия шағым келіп түскен күннен бастап үш күн ішінде қарайды.

Мерзімдердің айырмашылықтарына назар аудару маңызды болып табылады:

азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы шағымдарды қарау мерзімі – 5 күн;

сайлау комиссиясы мен оның мүшелерінің шешімдеріне және әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау мерзімі – 3 күн.

Егер шағым сайлау комиссиясының мүшесіне, оның ішінде дауыс беруге арналған үй-жайда түскен жағдайда, өтініш/шағым қарау және 3 күн ішінде жазбаша жауап дайындау үшін АСК-ға жіберілуі тиіс.

Заң бұзушылықтар анықталған жағдайда, «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабының 7-тармағына сәйкес сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе ҚР ОСК-ның өтініші негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.

Соттар мен прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, заңда белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде сайлау туралы заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға, егер «ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңда өзгеше көзделмесе, оларды – бес күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы бес күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендерін дереу қарауға міндетті.

«ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңда әрбір азамат тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін сайлау комиссиясы орналасқан жердегі тиісті сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Арызданушы үшін дұрыс шешім қабылданған жағдайда сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне түзетуді немесе енгізілмеген сайлаушыны тізімге енгізуді дереу жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында әрбір азаматтың құқықтарын сот арқылы қорғауға кепілдіктерді бекітудің ерекше маңызы бар (13-б.).

3-ТАҚЫРЫП. РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ. РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ДАУЫС БЕРУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

Мақсаты: референдум комиссияларының дауыс беруді ұйымдастыру мен өткізу, сондай-ақ референдумның қорытындыларын шығару жөніндегі қызметінің құқықтық негіздерін, рәсімдері мен ерекшеліктерін зерделеу

Жоспар:

3.1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі

3.1.1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін салыстыру.

3.1.2. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері.

3.1.3. Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы арыздары.

3.1.4. Учаскелік референдум комиссиясының референдумға қатысу құқығы бар азаматтармен өзара іс-қимылы.

3.2. Дауыс беруге арналған үй-жайларды жабдықтау.

3.2.1. Дауыс беруге арналған үй-жай.

3.2.2. Мүгедектігі бар азаматтар үшін жағдайларды ұйымдастыру.

3.2.3. Дауыс беру күнінің алдындағы күні УРК жұмысы.

3.3. Референдум күні дауыс беруді ұйымдастыру.

3.3.1. Дауыс беру уақыты.

3.3.2. Дауыс беруді ашу.

3.3.3. Бюллетеньді алу тәртібі және дауыс беру.

3.3.4. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беру.

3.3.5. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру.

3.3.6. Қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерімен, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларымен жұмыс.

3.4. Дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезіндегі УРК іс-қимыл тәртібі.

3.5. Референдумның қорытындыларын белгілеу және жариялау.

«Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 23-бабы 5, 6-тармақтарына сәйкес учаскелік референдум комиссиясының құзыретіне референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастыру, дауыстың саналуын жүргізеді және дауыс берудің нәтижелерін анықтайды.

Осыған байланысты референдум өткізуде учаскелік комиссия мүшелерінің рөлі мен жауапкершілігі артады. Бұл ретте учаскелік референдум комиссиясының қызметі дауыс беру учаскесінің аумағымен шектеледі.

УРК белсенді қатысуы референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін комиссияға ұсынған сәттен басталады.

3.1. РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫ БАР АЗАМАТТАРДЫҢ ТІЗІМІ

Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдерін жасау, оларға азаматтарды енгізу, олардың тізімге енгізілмеу, тізімге дұрыс енгізілмеу немесе тізімнен шығарып тастау фактілеріне, онда жіберілген дәлсіздіктерге шағым жасау, сондай-ақ олардың болатын жерін ауыстырған кезде азаматтардың референдумға қатысу құқығын қамтамасыз ету «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңында белгіленген ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

3.1.1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін салыстыру.

Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі (бұдан әрі – тізім) белсенді сайлау құқығын іске асырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Азаматты дауыс беру учаскелерінің бірінің тізіміне енгізу оған бюллетень беруге негіз болып табылады. Азаматты дауыс берудің нақты учаскесіндегі тізімге енгізу үшін оның осы учаскенің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болып табылады.

Тізімдерді қалыптастыру тәртібі Орталық референдум комиссиясының функцияларын орындайтын Орталық сайлау комиссиясының қолданыстағы актілерімен реттеледі («Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңының 20-бабы 1-тармағы):

- Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы №111/196 қаулысымен Сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді салыстырып тексеру және ұсыну ережелері бекітілді.

- Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 23 тамыздағы № 11/197 қаулысымен Дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну ережелері бекітілді.

Көрсетілген ережелер дауыс беруге арналған тізімдерді қалыптастыру, сондай-ақ оларды референдум комиссиясына ұсыну тәртібін айқындайды.

Тізімдерді қалыптастыруды жүзеге асырады:

1) тізімді жасайтын және оны тиісті референдум комиссияларына ұсынатын жергілікті атқарушы орган;

2) аумақтық референдум комиссиясы – облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың), ауданның, қаланың, қаладағы ауданның тізімдердің дұрыстығын бақылайтын референдум комиссиясы;

3) учаскелік референдум комиссиясы – азаматтарға танысу үшін тізім ұсынылғаннан кейін, жоғары тұрған референдум комиссиясына хабарлай отырып, қажет болған жағдайда тізімге өзгерістер енгізетін референдум комиссиясы.

Тұрғылықты жері бойынша тізімді тиісті жергілікті атқарушы орган жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың (ЖТ МДҚ) негізінде жасайды.

Тізімдер әліпбилік немесе өзге тәртіппен жасалады. Тізімде тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған жылы (он сегіз жасында – қосымша күні мен айы), жеке сәйкестендіру нөмірі және тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі.

Тізімдерге:

1) Республиканың белсенді сайлау құқығы бар азаматтары енгізіледі;

2) азаматтар тиісті дауыс беру учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша енгізіледі;

3) демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда орналасқан азаматтар тұратын мекендерде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасына арайтын және дауыс беретін күні жүзуде жүрген кемелерде құрылған референдум учаскелері бойынша дауыс беру өткізетін күні аталған мекемелер басшылары, тиісті әкімдер, аталған өкілдіктердің басшылары және кеме капитандары ұсынатын деректер негізінде аталған мекемелер мен ұйымдарда немесе кеме бортында болған азаматтардың бәрі;

4) әскери бөлімдер бойынша әскер бөлімдерінде тұрған әскери қызметшілердің барлығы, сондай-ақ олардың отбасы мүшелері және әскер бөлімдері орналасқан жерлерде тұратын басқа да сайлаушылар әскери бөлімдер командирлері ұсынатын мәліметтер негізінде енгізіледі. Әскери бөлімдерден тыс жерде тұратын әскери қызметшілер тізімдерге тұрғылықты жері бойынша жалпы негіздерде енгізіледі.

Шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанындағы дауыс беру учаскелері бойынша тиісті шет мемлекетте тұратын немесе ұзақ мерзімді шетелдік іссапарда жүрген әрі Республика азаматының жарамды паспорты бар барлық азаматтар енгізіледі. Шет мемлекетке жеке шақыру бойынша, қызметтік, іскерлік және туристік сапарға келген Республика азаматтары учаскелік референдум комиссиясына өтініш жасаған жағдайда және олардың Қазақстан Республикасы азаматы деген жарамды паспорты болса, тізімге енгізіледі.

Жатақханаларда тұратын, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламалары бойынша күндізгі оқу нысанында оқитындар тізімге жатақхананың орналасқан жері бойынша енгізіледі.

Азамат бір ғана тізімге енгізілуі мүмкін.

Әрбір дауыс беру учаскесі бойынша тізімдерге өзінің шешімімен учаске құрылған әкім қол қояды және ол дауыс беру басталардан жиырма күн бұрын акт бойынша УРК ұсынылады.

Жергілікті атқарушы органдардың референдум комиссиясына тізімдерді ұсынуы дербес деректер және оларды қорғау, ақпараттық қауіпсіздік туралы заңдардың талаптары сақтала отырып жүзеге асырылады.

УРК өкілеттіктеріне азаматтардың танысуы үшін тізімдерді ұсыну және қажет болған жағдайда жоғары тұрған комиссияға хабарлай отырып, тізімге өзгерістер енгізу кіреді.

Дауыс беру күніне дейін 15 күн бұрын тұрғылықты жері бойынша құрылған дауыс беру учаскелері бойынша тізімдер азаматтарға танысу үшін ұсынылады. Осы кезеңде референдум комиссиясы мүшелерінің дауыс беру учаскесінде тұрақты кезекшілігін үзіліссіз ұйымдастыру қажет.

УРК тізімді нақтылайды, азаматтарды тізіммен таныстырады, қателіктер мен дәлсіздіктер туралы өтініштерді қарайды және тізімге тиісті өзгерістер енгізу туралы мәселелерді шешеді.

Уақытша болу орындарында (демалыс үйлерінде, санаторийлерде, тұрақты емдеу-профилактикалық мекемелерінде, алыс мал шаруашылығы учаскелерінде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында, сондай-ақ шет мемлекеттердегі Қазақстан Республикасының өкілдіктері жанынан, Қазақстан Республикасына тиесілі және сайлау күні жүзуде жүрген кемелерде) құрылған сайлау учаскелері бойынша сайлаушылар тізімдері) дауыс беретін күннің алдындағы күнгі жағдай бойынша міндетті түрде нақтылануға тиіс.

Әрбір азамат тізімдегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегені, дұрыс енгізілмегені немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдегі өзі туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы. Бұл ретте азаматтардың дербес деректерін жарияламау туралы заңнаманың талаптарын сақтау қажет.

Азамат өзі туралы деректерді жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде ғана тексере алады.

Тізімді ақпараттық стендтерде және басқа да жалпыға қолжетімді орындарда орналастыруға жол берілмейді.

Тізімге өзгерістер сайлаушының тізімдерге енгізу, олардан алып тастау не тізімдерге түзетулер енгізу қажеттігі туралы жазбаша өтініші негізінде енгізіледі. Өтінішті тиісті референдум комиссиясы өтініш келіп түскен күні қарайды. Өтініш мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы өтініш иесіне оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесін бірден береді.

Шешімге референдум комиссиясы орналасқан жердегі тиісті сотқа шағым жасалуы мүмкін, ол шағымды келіп түскен күні қарайды.

УРК тізімге өзгерістер енгізілген жағдайда бұл туралы жоғары тұрған комиссияға хабарлайды.

Жалпы жұрттың танысуы үшін тізімдерді ұсыну мен дауыс беру күні арасындағы кезеңде УРК есептен шығару куәліктерін беру бойынша жұмыс жүргізеді және азаматтардың белгілі бір санаттарынан олар болатын жерлерде оларға дауыс беруді ұйымдастыру туралы өтініштер қабылдайды.

3.1.2. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері

Жалпы жұрттың танысуы үшін тізімді ұсыну мен дауыс беру күні арасындағы кезеңде азамат өзінің болатын орнын ауыстырған кезде УРК азаматтың өтініші бойынша және оның жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде сайлаушыға (не сенімхат бойынша оның өкіліне) дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін береді. Бұл ретте тізімде тиісті жазба жасалады.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін беру және есепке алу ережелері Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 161/306 қаулысымен бекітілген және ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2015 жылғы 13 ақпандағы № 2/255 қаулысымен жаңа редакцияда қолданылады.

Есептен шығару куәлігінің бес таңбалы сериялық нөмірі болады және онда референдумға қатысуға құқығы бар азаматтың дауыс беру учаскесінің нөмірі, азамат тұрғылықты жері бойынша тізімге енгізілгені, оның орналасқан жері туралы деректемелері қамтылады.

Есептен шығару куәлігін берген УРК мүшесі азаматтың тегінің тұсындағы тізімдегі «Ескерту» бағанына есептен шығару куәлігінің берілгені туралы жазба, оның бес таңбалы сериялық нөмірі, берілген күнін енгізеді және өз қолын қояды.

Азаматтың есептен шығару куәлігін алуға арналған өтініші тізімге қоса тіркеледі және оны осы дауыс беру учаскесі бойынша тізімнен шығаруға негіз болып табылады.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың аумақтық референдум комиссиялары референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санының 1%-ынан аспайтындай есептен шығару куәліктерін дайындауды қамтамасыз етеді.

Облыстық, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың аумақтық референдум комиссиялары есептен шығару куәліктерін дауыс беру күніне дейін 20 күннен кешіктірмей аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссияларға бөледі және береді.

Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық комиссиялар дауыс беру күніне дейін 16 күннен кешіктірмей УРК-на бөледі және береді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері қатаң есептілік бланкілері болып табылатынын назарға алған жөн. Жоғалған есептен шығару куәліктері қалпына келтірілмейді және есептен шығару куәліктерінің телнұсқалары берілмейді.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс берілетін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18:00-де тоқтатылады. Пайдаланылмаған есептен шығару куәліктері жойылады, ол туралы тиісті акт жасалады.

3.1.3. Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштері

Тізімдерді салыстыру кезінде УРК азаматтардан олар болатын жерлерде дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініштер қабылдайды. Азаматтың УРК-ға өзі тұратын жерде дауыс беруді ұйымдастыру туралы өтінішпен жүгінуінің үш себебі ғана заңды түрде белгіленген:

- денсаулық жағдайы бойынша;
- отбасының науқас мүшесіне күтім жасау себебі бойынша;
- дауыс беру учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болу.

Мұндай өтініштер азаматтардың танысуы үшін тізімдер ұсынылған сәттен бастап және сайлау күні сағат 12-ден кешіктірілмей берілуі мүмкін.

УРК келіп түскен өтініштердің есебін ұйымдастырады. Тізімдердегі «Ескерту» бағанында «келген жерінде дауыс беру» белгісі қойылады.

Келіп түскен өтініштердің жеке тізілімін жүргізу ұсынылады, бұл кейіннен (тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде) үйде дауыс беруді ұйымдастыратын УРК мүшелерінің жұмысын едәуір жеңілдетеді.

Үлгі:

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру туралы келіп түскен өтініштердің тізілімі

<i>№ п/п</i>	<i>Өтініштің келіп түскен күні</i>	<i>Азаматтың тегі, аты, әкесінің аты</i>	<i>Азаматтың тұрғылықты мекен-жайы</i>	<i>Өтініш берудің негізі, себебі</i>	<i>Дауыс беруді қайда ұйымдастыру керек</i>	<i>Ескерту</i>
1	25.05.2022	Жумабаев Ерулан	Сауран көш., 5 А, 39 п.	денсаулық жағдайы бойынша	үйде	
2.	26.05.2022	Петровская Лидия Ивановна	Кабанбай батыр даңғ., 32, 2 п.	отбасының науқас мүшесіне күтім жасау	Тұран даңғ. 46 А, 112 п.	науқастың тұрғылықты жері бойынша

3.1.4. Участкелік референдум комиссиясының референдумға қатысу құқығы бар азаматтармен өзара іс-қимылы

УРК азаматтарды референдум комиссиясының орналасқан жері, телефондары және оның жұмыс кестесі, тізімдерді салыстырып тексеру, есептен шығару куәліктерін беру жөніндегі комиссия өткізетін іс-шаралар, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініш беру мүмкіндігі туралы қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Дауыс беру күніне дейін он күннен кешіктірмей УРК сайлаушыларды дауыс беру уақыты мен орны туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, плакаттар, үйлердің кіреберістерінде және азаматтардың жаппай болатын жерлерінде хабарландырулар орналастыру, жеке үйлерде тұратын азаматтарға референдумға шақырулар жеткізу жолымен хабардар етеді.

3.2. ДАУЫС БЕРУГЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ЖАБДЫҚТАУ

3.2.1. Дауыс беруге арналған үй-жай

Референдумда дауыс беру, сайлаудағыдай арнайы бөлінген үй-жайларда өткізілуі тиіс.

Дауыс беру учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды жарақтандыру жөніндегі Нұсқаулық ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2012 жылғы 23 қазандағы № 21/183 қаулысымен бекітілген және ҚР Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 25 тамыздағы № 12/199 қаулысымен жаңа редакцияда қолданылады. Нұсқаулықта учаскедегі дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау мәселелері, мүгедектігі бар азаматтар

үшін дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау ерекшеліктері егжей-тегжейлі көрсетіледі.

Дауыс беру учаскесі орналасқан ғимаратта учаскенің нөмірі көрсетіле отырып, дауыс беруге арналған үй-жайдың орналасқан жерінің көрсеткіштері орналастырылады.

Егер бір ғимаратта бірнеше дауыс беру учаскелері орналасса, барлық учаскелердің нөмірлері бар көрсеткіштер ілінеді.

Дауыс беруге арналған үй-жайда арнайы бөлінген көрнекі орынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы, оның сол жағына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы орнатылады.

Дауыс беруге арналған үй-жайда:

- жасырын дауыс беруге арналып жабдықталған кабиналар, оларда үстел немесе тұғыр, тұтқалар бар;

- жұқа материалдан жасалған дауыс беруге арналған жәшіктер – бір стационарлық және ОРК белгілеген стандарттар бойынша дайындалған екі тасымалданатын жәшіктер;

- референдум комиссиясының мүшелеріне арналған үстелдер мен орындықтар;

- қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған орындықтар;

- телефон аппараты, сейф немесе металл шкаф, калькулятор, үстел шамы, сағат болуы керек.

Дауыс беру учаскесінде міндетті түрде көшіру аппараты, кемінде екі компьютер, олардың біреуі мүгедек азаматтарға арналған болуға тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жай референдумға қатысушылар үшін қажетті ақпараты бар ақпараттық стенділермен жарақталады.

Дауыс беруге арналған үй-жайда көрнекті жерде **референдумға қойылған мәселенің**, Конституция, конституциялық заң, заң жобаларының, оларға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың **мәтіні** ілінуге тиіс.

Ақпараттық стенділер азаматтар үшін қолжетімділік пен қолайлылықты ескере отырып, мынадай ақпараттың мазмұнымен орналастырылады:

1. Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты, комиссиядағы лауазымы, тұрғылықты жері, сондай-ақ комиссияның құрамына қандай саяси партия немесе қоғамдық бірлестік ұсынған УРК құрамы көрсетіледі.

2. Жоғары тұрған референдум комиссияларының, соттардың, прокуратура органдарының, құқық қорғау органдарының мекенжайлары мен телефон нөмірлерінің тізімі.

3. УРК белгілеген дауыс беруге арналған үй-жайдағы мінез-құлық ережелері.

4. Республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдердің үлгілері.

5. Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесін орналастыруға арналған орын

Дауыс беруге арналған үй-жайда бюллетеньдер берілетін орындар айқындалады және жасырын дауыс беруге арналған кабиналар, дауыс беруге арналған стационарлық жәшіктер дауыс берушілер жасырын дауыс беруге арналған кабиналар арқылы жәшікке өтетіндей етіп, ал референдум комиссиясының мүшелеріне, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне дауыс беруге арналған жәшікті, дауыс беруге арналған кабиналарға кіруді және шығуды бақылау мүмкіндігі қамтамасыз етілетіндей етіп орнатылады.

Комиссия мүшелері орналасқан жерлерде «Төраға», «Төрағаның орынбасары», «Хатшы», «Комиссия мүшелері» деген жазулар, сондай-ақ әліпби әріптері немесе көше атаулары мен үй нөмірлері бар көрсеткіштер орнатылады.

Дауыс беруге арналған үй-жайда болуы керек:

- УРК мөрі;
- кіріс және шығыс хат-хабарларын тіркеу журналы, қоғамдық бірлестіктердің және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан байқаушыларды тіркеу журналы, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу журналы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңы, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңы, сондай-ақ өзге де ақпараттық-әдістемелік материалдар;
- дауыс беруге арналған жәшіктерді мөрлеуге немесе пломбалауға арналған құрылғылар, құжаттамалар, пломбалар;
- кеңсе керек-жарақтары.
- Референдум кезеңінде дауыс беруге арналған үй-жайларда референдум құжаттамасын, жабдықтар мен өзге де материалдарды сақтау қамтамасыз етіледі.

3.2.2. Мүгедектігі бар азаматтар үшін жағдайлар ұйымдастыру

Дауыс беруге арналған үй-жайды жабдықтау кезінде мүгедектігі бар азаматтардың кедергісіз кіруі және дауыс беруі үшін жағдайлар қамтамасыз етілуге тиіс.

Дауыс беруге арналған үй-жайлар орналасқан ғимаратқа кіре берісте тұтқалар, төсемдер, пандустар, көтергіш механизмдер, сондай-ақ басқа да қажетті құрылғылар көзделуі қажет.

Дауыс беруге арналған үй-жайларда:

- әр түрлі тактильді көрсеткіштер (мүмкіндігінше);
- тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған, оның ішінде арбаларды пайдаланатын сайлаушылардың қолжетімділігін ескере отырып, жасырын дауыс беруге арналған кабиналар;
- мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін арнайы жабдықталған орын (бұрыш), онда;
- монитори бар компьютер (диагоналі кемінде 54 сантиметр) және мүгедек азаматтар үшін бейімделген форматта ақпарат болуы тиіс;
- құлаққаптар;
- Брайль қарпімен орындалған референдум туралы ақпараты бар арнайы папка;
- қосымша жарықтандыру, лупалар қарастыру қажет.

Жергілікті атқарушы органдар мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыста референдум комиссияларына жәрдемдесуге міндетті.

3.2.2. Дауыс беру күнінің алдындағы күнгі УРК жұмысы

Дауыс беру күнінің алдындағы күні УРК референдум күніне дайындық жұмысын аяқтайды, бюллетеньдермен жұмыс жүргізеді, есептен шығару куәліктерін беруді аяқтайды, дауыс беру күні жұмыс істеу үшін құжаттама дайындайды. Дауыс беру күні УРК барлық мүшелерінің міндеттерін бөледі және іс-қимыл тренингін жүргізеді. Референдум қарсаңында комиссия жұмысы қаншалықты мұқият жүргізілсе, дауыс беру күні комиссия мүшелері өздерін тыныш және сенімді сезінеді.

Дауыс беру күнінің алдындағы күнгі УРК іс-қимыл алгоритмі:

1. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімімен жұмыс:

- азаматтардың тізімге енгізу қажеттілігі туралы өтініштерін қарау, одан түзетулер немесе алып тастау, азаматтардың өтініштері бойынша тізімге қажетті өзгерістер енгізу;
- нақтыланған тізімді тексеру;
- аумақтық референдум комиссиясына тізімге енгізілген азаматтардың саны туралы хабарлау;
- бюллетеньдерді беру тәртібін анықтау және бюллетеньдерді беруге жауапты комиссия мүшелері арасында тізімдерді бөлу;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы алынған өтініштердің тізілімін жасау.

2. Есептен шығару куәліктерімен жұмыс:

- дауыс беретін күннің алдындағы күні жергілікті уақыт бойынша сағат 18-ге дейін есептен шығару куәліктерін беру;
- берілген есептен шығару куәліктерінің тізілімін немесе тізімдемесін жасау;
- сағат 18:00-ден кейін пайдаланылмаған есептен шығару куәліктерін жою және тиісті акт жасау. Жойылған есептен шығару куәліктері буып-түйіледі және актімен бірге сейфте сақталады;
- учаскелік референдум комиссиясының алынған, берілген және жойылған есептен шығару куәліктері туралы есепті аумақтық референдум комиссиясына жолдауы.

3. Бюллетеньдермен жұмыс

- дауыс берілетін күнге дейін **жеті күннен** кешіктірмей **учаскелік референдум комиссиялары дауыс беруге арналған бюллетеньдермен қамтамасыз етіледі**. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер осы учаскедегі референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жалпы санының бір пайыз резервімен УРК-ға жеткізіледі. Бюллетеньдер УРК-ға акт бойынша беріледі. Бюллетеньдер мөрленген сейфте сақталады. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер орналасқан үй-жайға мөр басылады және ішкі істер органдарының күзетіне тапсырылады;

- дауыс беру күні қарсаңында бюллетеньдер қайта есептеледі

- дауыс беру күні жұмысты оңтайландыру үшін УРК беруге дайындалған бюллетеньдерді учаскеде тіркелген азаматтардың санына қарай (мысалы, 10, 50 немесе 100 бюллетеньден) алдын ала бумаларға орналастырған жөн.;

- УРК хатшысы бюллетеньдер саны туралы деректерді аумақтық референдум комиссиясынан бюллетеньдерді алу туралы актілердің деректерімен салыстырады. Егер салыстырып тексеру нәтижесінде бюллетеньдердің немесе алу кезінде есепке алынбаған бюллетеньдердің жоғалғаны анықталса, бұл туралы тиісті аумақтық референдум комиссиясына хабарланады, акт жасалады;

- дауыс беру күні УРК мүшелеріне бюллетеньдерді беру және қайтару ведомосын дайындау жүргізіледі.

4. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштермен жұмыс:

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштерді қабылдау және тіркеу дауыс беру қарсаңындағы күні бойы және дауыс беру күні сағат 12-ге дейін жалғасады;

- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштер болған кезде УРК төрағасы дауыс беру өткізілетін маршруттарды айқындайды

- УРК хатшысы азаматтардың белгілі бір маршруттарға сәйкес дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігін беру туралы өтініштерінің тізілімінен үзінді көшірмелер жасауды бастайды (дауыс беру күні көрсетілген өтініштер сағат 12.00-ге дейін түсуі мүмкін екенін ескере отырып).

5. Дауыс беруге арналған үй-жайды дайындау:

- дауыс беруге арналған үй-жайда ҚР ОСК 2012 жылғы 23 қазандағы № 21/183 қаулысымен бекітілген учаскеде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беруге арналған пунктті жарақтандыру жөніндегі Нұсқаулыққа сәйкес технологиялық және өзге де жабдықты орнату;

- ақпараттық стендте заңда көзделген материалдардың болуын тексеру. Қажет болған жағдайда ақпараттық материалдарға өзгерістер енгізіледі;

- дауыс беруге арналған үй-жайға барар жолда ғимаратта көрсеткіш-бағыттамааларды орналастыру;

- дауыс беру күні УРК жұмысы үшін қажетті сайлау құжаттарының, оның ішінде журналдардың, тізілімдердің және хаттамалар мен актілердің нысандарының болуын тексеру;

- УРК төрағасының, төраға орынбасарының, хатшының, мүшелерінің жұмыс орындарын жабдықтау, оларды қажетті кеңсе керек-жарақтарымен және материалдармен қамтамасыз ету;

- көрінетін жерде эвакуациялау жоспары мен өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтың болуын тексеру;

- дауыс беру күні УРК мүшелерін учаскеге жеткізу үшін, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізуді қамтамасыз ету және референдум құжаттамасын жоғары тұрған комиссияға жеткізу үшін бөлінген автокөліктің дайындығын тексеру;

- компьютерлік және оргтехниканы пайдалануға дайындығын тексеру.

6. УРК отырысын өткізу

Дауыс беру күнінің алдындағы күні отырыс өткізіледі, онда келесі шешімдер қабылданады:

- дауыс беру учаскесіндегі мінез-құлық ережелері туралы;

- дауыс беру күні УРК мүшелерінің міндеттерін бөлу туралы;

- технологиялық және өзге де жабдықтарды, УРК мүшелерінің, қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерінің жұмысы үшін бөлінген орындарды орналастыру схемасын бекіту туралы.

7. Іскерлік ойын өткізу

Дауыс беру күні комиссия жұмысын ұйымдастыру бойынша УРК мүшелерімен практикалық сабақ өткізіледі:

- дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беру бойынша
- дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізу бойынша;
- дауыс беру аяқталғаннан кейін дауыстарды санауды жүргізу бойынша;
- хаттамаларды толтыру бойынша.

УРК төтенше жағдайлар туындаған және дауыс беруге арналған үй-жайларды босату қажет болған жағдайда комиссия мүшелерінің іс-қимылдарын тексеріп, дайындық өткізеді.

Жоғарыда аталған барлық іс-әрекеттер аяқталғаннан кейін:

- УРК төрағасы полиция қызметкерінің қатысуымен референдумның құжаттамасын сейфке салады, ол мөрленеді;
- үй-жай мөрленеді және полиция қызметкерлерінің күзетіне қабылданады.

УРК төрағасы аумақтық референдум комиссиясына учаскенің дауыс беруді өткізуге дайындығы туралы хабарлайды, комиссия құрамының бар екендігі туралы хабарлайды және аумақтық референдум комиссиясына дауыс беруге арналған үй-жайдың ашылғаны туралы ақпаратты және дауыс беру барысы туралы мәліметтерді беру уақытын, дауыс беру күні мәліметтер берілетін телефон нөмірлерін нақтылайды.

3.3. РЕФЕРЕНДУМ КҮНІ ДАУЫС БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3.3.1. Дауыс беру уақыты

Референдум күні дауыс беру жергілікті уақыт бойынша сағат жетіден жиырма сағатқа дейін өткізіледі.

Аумақтық референдум комиссиялары тиісті әкімнің ұсынуы бойынша УРК дауыс берудің басталуы мен аяқталуының өзге уақытын белгілеуге құқылы. Бұл ретте дауыс беру сағат алтыдан ерте басталып, сағат жиырма екіден кеш аяқталмауы керек. Аумақтық комиссиялардың дауыс берудің басталу және аяқталу уақытын өзгерту туралы шешімі азаматтардың назарына жеткізілуге тиіс.

УРК дауыс беру уақыты мен орны туралы азаматтарды дауыс беру өткізілетін күнге дейін *он күннен кешіктірмей* бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ өзге де тәсілдермен хабардар етеді.

3.3.2. Дауыс беруді ашу

УРК дауыс беру басталардан бір сағат бұрын дауыс беруге арналған учаскелерді ашуға кірісуге тиіс.

УКР төрағасы:

1) дауыс беру басталғанға дейін отыз минут бұрын комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беруге арналған жәшіктерді оларда бюллетеньдердің бар-жоғы, жәшіктердің бүтіндігі тұрғысынан тексереді, дауыс беруге арналған жәшіктерді пломбалайды немесе мөр басады;

2) комиссияның бюллетеньдерді беруге жауапты мүшелерін анықтайды.

Референдум туралы заңнаманың талаптарынан, сондай-ақ ОРК қаулысымен бекітілген республикалық референдум құжаттарының белгіленген нысандарынан дауыс беруге арналған учаскені ашу кезіндегі іс-қимылдардың мынадай тәртібі қалыптасады:

уақыты	Шаралар
05:30	Комиссия мүшелерінің жиналуы.
05:45	УРК төрағасы дауыс беруге арналған үй-жай ашады, технологиялық жабдықтың, сейфтің дайындығын, телефондардың, факстың жұмысын тексереді
	УРК төрағасының орынбасары дауыс беруге арналған үй-жайда, оның ішінде ақпараттық стенділерде болуға тиіс құжаттардың бар-жоғын тексереді
	Комиссия хатшысы комиссия мүшелеріне бюллетеньдер беру тізімдерін, ведомостарын жұмысқа дайындайды, журналдардың, референдум комиссиясы хаттамаларының үлгілерінің болуын тексереді
05:55	Залға қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерін шақыру
06:00	Комиссия төрағасының сөйлеген сөзі, қатысып отырғандарға референдум комиссиясының мүшелерін таныстыруы
06:10	УРК хатшысы белгіленген тәртіппен ресімделген қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құжаттарын тексереді және мәліметтерді арнайы тіркеу журналына енгізеді.
06:30	УРК төрағасы комиссия мүшелерінің дауыс беруге арналған бос стационарлық және тасымалданатын жәшіктерді мөрлеуі бойынша жұмысты ұйымдастырады
06:35	УРК төрағасы дауыс беруге арналған бюллетеньдерді беруге жауапты комиссия мүшелерін анықтайды

06:45	УРК төрағасы немесе оның тапсырмасы бойынша комиссия хатшысы міндеттеріне бюллетеньдер беру кіретін УРК мүшелеріне осы учаске бойынша азаматтардың тізімін, сондай-ақ ведомость бойынша бюллетеньдерді қол қойғызып береді
06:55	Учаскені ашу туралы хаттаманы толтыру
07:00	Учаскенің дайындығы туралы хабарландыру, Өнұранды орындау. Азаматтарды дауыс беруге шақыру

МАҢЫЗДЫ! Дауыс беру учаскесін ашу жөніндегі барлық іс-әрекеттерді УРК төрағасы дауыстап хабарлап отыруы тиіс. Комиссия хатшысы дауыс беруге арналған учаскені ашу туралы хаттамаға сандар мен мәліметтерді енгізеді.

Дауыс беруге арналған үй-жайда учаске ашылған сәттен бастап және дауыстарды санау кезінде дауыс беру нәтижелері анықталғанға дейін қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерінің, халықаралық байқаушылардың, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қатысуға құқығы бар. Халықаралық байқаушыларға аудармашылар ілесіп жүруі мүмкін.

Дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдар УРК белгілеген ережелерді қатаң сақтауға міндетті. Ережелер қолданыстағы заңнамаға қайшы келмеуі керек. Оларда дауыс беруге арналған үй-жайдағы адамдардың құқықтары мен міндеттері **көрсетіледі**.

Дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда дауыс беру процесіне қатысы жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады.

УРК төрағасы комиссия қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге, азаматтарға олардың құқықтарын іске асыру тәртібін, ал дауыс беру және дауыстарды санау кезінде қатысатын адамдарға – УРК орындайтын барлық іс-қимылдардың тәртібі мен мәнін түсіндіруге міндетті.

УРК төрағасы бір уақытта дауыс беруге арналған үй-жайдағы азаматтардың санын реттейді; ол тәртіпке жауап береді және референдум туралы заңнама нормаларын бұзған және дауыс беруге кедергі келтірген кез келген адамнан үй-жайдан кетуін талап етуге құқылы.

Референдум туралы заңдар бұзылған жағдайда УРК мүшесі комиссияның жұмысына қатысудан дереу шеттетіледі, ал өзге адамдар комиссияның жазбаша нысанда қабылданған дәлелді шешімі бойынша дауыс беруге арналған үй-жайдан шығарылады.

Осы шешімнің орындалуын ішкі істер органдары жүзеге асырады, олар комиссияның шеттетілген мүшесін, сондай-ақ шеттетілген өзге адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қабылдайды.

Дауыс беруге арналған үй-жайларда тәртіпті қамтамасыз ету ішкі істер органдарына жүктеледі. Ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайда тек УРК төрағасының шақыруы бойынша болуға тиіс және тәртіп қалпына келтірілгеннен кейін не комиссия төрағасының өтініші бойынша одан дереу шығуға міндетті.

3.3.3. Бюллетеньді алу және дауыс беру тәртібі


Дауыс беруге арналған бюллетень

Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындау тәртібін Орталық референдум комиссиясы айқындайды.

Дауыс беруге арналған бюллетеньде шығарылған сұрақтың тұжырымы және дауыс берушінің жауабының нұсқалары келтіріледі.

Егер референдумға бірден бірнеше сұрақ қойылса, онда олардың әрқайсысы үшін пайдаланылатын дауыс беруге арналған бюллетеньдер түсі бойынша әр түрлі болуға тиіс.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер қазақ тілінде және орыс тілінде, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жинақы тұратын халықтың көпшілігінің тілінде басылады.



12-сурет. Дауыс беруге арналған бюллетеньдер

«2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/438 қаулысымен республикалық референдумда дауыс беруге арналған бюллетеньнің нысаны мен мәтіні бекітілді.

Дауыс беруге арналған бюллетеньдер референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізілген санына тең мөлшерде, бір процент резервімен дайындалатыны анықталды. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындауды облыстық, республикалық маңызы бар қаланың және астананың референдум комиссиялары қамтамасыз етеді.



13-сүрет. Дауыс беруге арналған бюллетеньді беру тәртібі

Бюллетеньдерді УРК мүшелері тізім негізінде азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуі арқылы береді.

УРК төрағасы мен хатшысының дауыс беруге арналған бюллетеньдер беруге құқығы жоқ.

Азамат бюллетеньді алған кезде оның жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді және бюллетеньді алғаны туралы тізімге қол қояды.

Дауыс беруге арналған бюллетеньді берген комиссия мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ бюллетеньді алған азаматтың тегінің тұсындағы тізімге қол қояды.

форма



Республикалық референдумда дауыс беру
БЮЛЛЕТЕНІ
2022 жылғы 5 маусым

БЮЛЛЕТЕНЬ
для голосования на республиканском референдуме
5 июня 2022 года

2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?

Принимаете ли Вы изменения и дополнения в Конституцию Республики Казахстан, изложенные в проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Конституцию Республики Казахстан», опубликованном в средствах массовой информации 6 мая 2022 года?

Өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қойыңыз

Поставьте любую отметку в пустом квадрате справа от варианта ответа, за который Вы голосуете

ИӘ, қабылдаймын	☐
ДА, принимаю	
ЖОҚ, қабылдамаймын	☐
НЕТ, не принимаю	

Ескертпе: референдумды қорытындылаушы аяқтау кезінде белгіленбеген үлгідегі; учаскенің референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған; референдумға қойылған мәсегіне қайтарылған аяқталған нұсқаларының бірі-біреуі белгіленбеген; оларда референдумда дауыс бергендердің еркін бірлестік анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Примечание: недействительными бюллетенями при подсчете итогов референдума признаются бюллетени: неустановленного образца, в которых отсутствует подпись члена участковой комиссии референдума, в которых не отмечен ни один из вариантов ответов на вопрос, вынесенный на референдум; в которых невозможно определить волеизъявление голосовавшего на референдуме.

14-сүрет. Дауыс беруге арналған бюллетеньнің түрі

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ азамат өзі сенетін адамның көмегін пайдалануға құқылы және дауыс бергеннен кейін оның тегі азаматтың бюллетеньді алғаны туралы қолының қасындағы тізімге енгізіледі.

Бұл адам:

- БАҚ өкілі – журналист;
- референдум комиссиясының мүшесі;
- қоғамдық бірлестіктің өкілі;
- мәслихаттың немесе әкімдіктің лауазымды тұлғасы болмауы керек.

Азамат дауыс беру кезінде ол дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгіні қояды.

Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Азамат толтырылған бюллетеньді дауыс беруге арналған стационарлық жәшікке салады және дауыс беруге арналған үй-жайдан шығып кетеді.

МАҢЫЗДЫ! Бюллетеньдерді шығару, сондай-ақ кабиналарда бюллетеньдерді, мазмұны белгісіз заттарды немесе пакеттерді қалдыру жағдайларын болдырмау мақсатында комиссия мүшелері кабиналарға кіруі мен шығуын, сондай-ақ дауыс беруге арналған жәшікті үнемі бақылауды қамтамасыз етуі қажет.

3.3.4. Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктері бойынша дауыс беру

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін көрсеткен азамат соңғысынан кейінгі реттік нөмірі көрсетіліп, тізімге енгізіледі:

- тегі, аты, әкесінің аты,
- туған күні,
- тұрғылықты жерін тіркеу мекенжайы,
- тұрғылықты жері бойынша тізімге енгізілген дауыс беруге арналған учаскенің нөмірі,
- есептен шығару куәлігінің сериялық бес таңбалы нөмірі,
- оның берілген күні.

Дауыс берудің одан арғы рәсімі референдум туралы заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

Есептен шығару куәлігі тізімге қоса беріледі.

3.3.5. Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру

Азаматтар дауыс беру күні жергілікті уақытпен сағат 12-ден кешіктірмей денсаулығына байланысты, отбасының науқас мүшесін күтіп-бағу себебі бойынша немесе шалғай жерде учаске құрылмаған болса, УРК-ға жазбаша өтініш жасайды.

Азаматтардың болатын жерінде дауыс беру дауыс беру күні сағат 12-ден кейін өткізіледі. Азаматтардың болатын жері бойынша дауыс беру үшін тасымалданатын жәшіктер пайдаланылады.

Комиссия хатшысы келіп түскен өтініштерді алдын ала екі тасымалданатын жәшікке бөледі, дауыс беруге арналған жәшіктермен бірге жүретін комиссия мүшелерінің қозғалыс маршруттарын жасайды. Келіп түскен өтініштердің саны аз болған жағдайда тек бір ғана тасымалданатын жәшікті пайдалануға болады.

Дауыс беру үшін үйге баратын УРК мүшелеріне бюллетень ведомосы, келіп түскен өтініштер және дауыс беру жүргізілетін мекен-жайлар бойынша тізбесі (тізілімнен үзінді) беріледі.

УРК мүшелері бюллетеньдердің бүлінуі ескеріле отырып, олардың қажетті санымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Тасымалданатын жәшікті УРК-ның екі мүшесі алып жүреді. Комиссия төрағасы қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерін дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді ұйымдастыру үшін шыққан комиссия мүшелерімен еріп жүруге шақырады. УРК-нің екі мүшесі шығатын автомашинада қоғамдық бірлестік пен БАҚ өкілі болуға құқылы (автомашинадағы бар орындарға байланысты).

Қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ-тың басқа өкілдері УРК мүшелері отырған автокөлікке өзінің жеке көлігінде ілесіп жүруге құқылы.

Дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде бюллетень азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініш негізінде беріледі, ол бұл туралы өтінішке қол қояды.

Бюллетеньді берген УРК мүшесі бюллетеньге және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтінішке өз қолын қояды.

МАҢЫЗДЫ! Комиссия хатшысы туындаған мәселелерді шешуді және комиссия мүшелерінің учаскеге уақтылы оралуын қамтамасыз ету үшін азаматтардың келген жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыруға кеткен УРК мүшелерімен тұрақты байланыста болуға тиіс.

3.3.6. Қоғамдық бірлестіктер мен БАҚ өкілдерімен, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларымен жұмыс

Қазақстан демократиялық сайлаудың халықаралық принциптерін ұстанып, өзіне алған міндеттемелерін орындай отырып, халықаралық байқаушыларды сайлауға шақырады.

Референдум өткізу кезінде Республика қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары қатыса алады, олардың өкілеттігі Орталық сайлау комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландырылады.

Өкілдер мен байқаушылардың референдум комиссияларының жұмысына араласуына жол берілмейді.

Республикалық референдум өткізу кезінде Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктері өкілдерінің, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан байқаушылардың өкілеттіктерін куәландыру қағидаларын бекіту туралы Орталық референдум комиссиясының қаулысы қабылданады (қазіргі уақытта қағидалар жобасы келісу кезеңінде). Ережеде референдумның учаскелік комиссиясының төрағасына не оны алмастыратын адамға, қоғамдық бірлестіктің өкіліне, сондай-ақ шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушыларының құжаттарына қойылатын талаптар жазылады.

Бұқаралық ақпарат құралдары референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың референдум комиссиялары

жанында тіркелген өкілдерінің республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға баруына кепілдік беріледі.

Халықаралық байқаушылардың қызметі, құқықтары мен міндеттері «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 20-2-бабымен регламенттеледі.

Учаскеде бір мезгілде қатысатын халықаралық байқаушылардың санына шек қойылмайды.

Шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылармен аудармашы бірге жүруге құқылы.

3.4. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІН АНЫҚТАУ КЕЗІНДЕГІ УРК ІС-ҚИМЫЛ ТӘРТІБІ

Дауыс беру күні дауыстарды санау – дауыс беру күні УРК мүшелері үшін ең маңызды рәсімдердің бірі. Бұл жұмыс УРК мүшелерінің ерекше зейінділігін, асығыстық пен күйгелектікті болдырмауды талап етеді. Сайлаушылардың дауыстарын санау үшін заң шығарушы 12 сағат үздіксіз уақыт бөлетіні кездейсоқ емес.



15-сүрет. Учаскелік комиссияның дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін анықтау кезіндегі іс-қимыл тәртібі

Егер осы учаскеде дауыс беру уақыты өзгертілмесе, дауыстарды санау жергілікті уақыт бойынша сағат жиырмада басталады. Дауыс беру уақыты өзгерген жағдайда дауыстарды санау дауыс беру аяқталғаннан кейін басталады.

Комиссия төрағасы дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарлағаннан кейін дауыс беруге арналған үй-жайға ешкім жіберілмейді.

Дауыс берудің аяқталғаны туралы хабарланған кезде дауыс беруге арналған үй-жайда тұрған сайлаушылардың дауыс беруге құқығы бар.

Дауыстарды санау процедурасында 6 негізгі әрекетті бөліп көрсету керек. Олардың әрқайсысына тоқталайық.

1. Участкедегі республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың жалпы санын және бюллетеньдер алған азаматтардың санын тізім бойынша белгілеу.

Дауыс беру рәсімі аяқталғаннан кейін УРК тізім бойынша мыналарды белгілейді:

- 1) республикалық референдумға қатысуға құқығы бар учаскедегі азаматтардың жалпы санын;
- 2) бюллетеньдер алған азаматтар санын;
- 3) УРК-нің әрбір мүшесі берген бюллетеньдер санын.

Комиссия төрағасы санау нәтижелерін жария етеді, комиссия хатшысы оларды дауыс беру нәтижелері туралы хаттамаға енгізеді.

2. Пайдаланылмаған бюллетеньдерді есептеу және жою

Пайдаланылмаған бюллетеньдерді есептеу жүргізіледі, есептеу нәтижелері хаттамаға енгізіледі.

Пайдаланылмаған барлық сайлау бюллетеньдері жойылады. Бюллетеньді жою үшін оның кез келген бұрышы кесіледі немесе тесіледі.

Пайдаланылмаған бюллетеньдер жазылған пакетке (конвертке, қапқа) буып-түйіледі, оған мөр қойылады, төраға мен хатшының қолдарымен және комиссияның мөрімен расталады.

3. Дауыс беруге арналған жәшіктерді ашу және дауыстарды санау

Тасымалданатын жәшіктер бірінші болып кезекпен ашылады.

Дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініштерді келген жері бойынша бірінші және екінші тасымалданатын жәшіктер бойынша есептеу жүргізіледі және өтініштер екі бумаға жиналады.

Пломбаның немесе мөрдің бүтіндігін тексергеннен кейін бірінші тасымалданатын жәшік ашылады. Тасымалданатын жәшіктегі бюллетеньдердің саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру мүмкіндігі туралы жазбаша өтініштердің санына сәйкес келуге тиіс.

Егер тасымалданатын жәшікте белгіленген үлгідегі бюллетеньдер жазбаша өтініштердің санынан көп болса, онда осы жәшіктегі барлық бюллетеньдер жарамсыз деп танылады. Бұл жағдайда тасымалданатын жәшіктен алынған барлық бюллетеньдерді жарамсыз деп тану туралы акт жасалады. Актіде сондай-ақ осы тасымалданатын жәшіктің көмегімен дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруді өткізген комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Пломбаның немесе мөрдің бүтіндігін тексергеннен кейін екінші тасымалданатын жәшік ашылады. Бюллетеньдерді есептеу алғашқы тасымалданатын жәшіктегі сияқты тәртіппен жүргізіледі.

Дауыс беруге арналған тасымалданатын жәшіктер ашылғаннан кейін стационарлық жәшік ашылады. Стационарлық және тасымалданатын жәшіктердегі барлық бюллетеньдер үстелге жайылады және комиссия бюллетеньдерді сұрыптауға кіріседі.

4. Бюллетеньдерді сұрыптау

Бюллетеньдерді санауға ыңғайлы болу үшін комиссия хатшысы «иә, қабылдаймын», «жоқ, қабылдамаймын» және «жарамсыз бюллетеньдер» үш және т.б. тақтайшаларды орналастырады.

Комиссия мүшелері сұрыптауға кіріседі. Бұл ретте бюллетеньдер референдум мәселесі оң шешілген деп жеке-жеке қатталып, референдум мәселесі теріс шешілген деп жеке-жеке қатталып және жарамсыз бюллетеньдер үшін жеке-жеке қатталып жиналады.

5. Бюллетеньдерді санау

Белгіленген нысандағы сұрыпталған бюллетеньдерді есептеу жеке жүргізіледі.

Бұл ретте бюллетеньдер санау кезінде қатысқан адамдар әрбір бюллетеньдегі белгіні көре алатындай етіп, оларды буманың бір бөлігінен екіншісіне ауыстырып салу арқылы есептеледі. Өртүрлі бумалардан бюллетеньдерді бір мезгілде есептеуге жол берілмейді.

Бюллетеньдерді санау кезінде комиссия төрағасы немесе комиссияның белгілі бір мүшесі қатысушыларға бюллетеньді көрсетеді және оның ерік білдіруін жариялайды.

Комиссия мүшелері дауыстарды санауды дауыс беру қорытындылары анықталғанға дейін үзіліссіз жүргізеді, олар дауыстарды санау кезінде «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға сәйкес қатысып отырған адамдардың назарына жеткізілуге тиіс.

Учаскедегі дауыстарды санау уақыты санау басталғаннан бастап он екі сағаттан аспауға тиіс.

Жарамсыз бюллетеньдер

Референдумның қорытындыларын шығару кезінде:

- 1) белгіленбеген үлгідегі;
- 2) учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған;
- 3) референдумға қойылған мәселеге қайтарылған жауаптар нұсқаларының бірде-біреуі сызылып тасталмаған;
- 4) оларда референдумда дауыс бергендердің еркін білдіруін анықтау мүмкін болмаған бюллетеньдер жарамсыз бюллетеньдер деп танылады.

Референдумға қойылған мәселеге жауаптардың барлық нұсқалары сызылып тасталған бюллетеньдер жарамды деп танылады, бірақ дауысты санау кезінде есепке алынбайды.

Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетеньдердің жарамсыз деп танылуына байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені дауыс беру жолымен учаскелік референдум комиссиясы шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады.

Тұрақты және тасымалданатын жәшіктерді ашқаннан кейін УРК дауыстарды санау кезінде бюллетеньдер саны бойынша:

- 1) учаскедегі республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санын;
- 2) бюллетень алған азаматтардың санын;
- 3) дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санын;
- 4) әрбір мәселенің оң шешімін жақтап берілген дауыс санын және әрбір мәселенің теріс шешімін жақтап берілген дауыс санын;
- 5) жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын;
- 6) жарамды деп танылған, бірақ дауысты санаған кезде есепке алынбайтын бюллетеньдер санын белгілейді.

Дауыс беруге арналған жәшіктерден алынған бюллетеньдердің саны сайлаушылар тізімдері және дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштер негізінде берілген бюллетеньдер санынан асып кеткен жағдайда, комиссияның әрбір мүшесі берген бюллетеньдердің саны белгіленеді.

Учаскеде дауыс санауға және әкімшілік-аумақтық бөліністе дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты өзге мәселелер «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен белгіленген ережелерге сәйкес шешіледі.

6. Референдум комиссиясының қорытынды отырысын өткізу

Дауыс беру учаскесі бойынша дауыс беру қорытындылары дауыстарды санау кезінде қатысқан адамдардың қатысуымен УРК отырысында белгіленеді.

Дауыстарды санау нәтижелерін комиссия қарайды және комиссия төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаға енгізіледі. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның орнына хаттамаларға комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы қол қояды.

Дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы қарындашпен және түрлі-түсті сиямен толтыруға, сондай-ақ оған қандай да бір түзетулер енгізуге жол берілмейді. Бұл ретте дауыс беру нәтижелерінің сандық мәндері жазбаша қайталануға тиіс.

Хаттаманың көшірмесі учаске үй-жайында жалпы жұрттың танысуы үшін арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді және екі күн ішінде сонда болады.

Дауыстарды санау кезінде дауыс беруге арналған үй-жайға қатысқан адамның қалауы бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, УРК мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі.

Сайлау құжаттарын орау

Комиссия мүшелері бюллетеньдерді қол қойылған пакеттерге жеке қаттамалар бойынша буып-түйеді. Жарамсыз бюллетеньдер жеке оралады. Әрбір пакет мөрленеді, төраға мен хатшының қолдарымен және УРК мөрімен расталады. Жоғарыда көрсетілген құжаттар салынған пакеттер байланады немесе қапқа, қорапқа салынады және мөрленеді.


УРК дереу тиісті аумақтық референдум комиссиясына жеткізеді:

- дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы;
- тиісті түрде оралған бюллетеньдер;
- азаматтар дауыс беру күні тізімге енгізілуіне негіз болған есептен шығару куәліктері мен басқа да құжаттар қоса берілген буып-түйілген тізім;
- референдум өткізілетін күні дауыс беруге арналған үй-жайда болған қоғамдық бірлестіктердің өкілдері мен БАҚ, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары туралы мәліметтер;
- УРК-да жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау туралы мәліметтер.

3.5. РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАУ

Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде:

- Қазақстан Республикасының референдумға қатысу құқығы бар азаматтарының жалпы санын;
- дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын;
- референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген, референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың санын және дауыс беруге қойылған жекелеген әрбір мәселе бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің санын анықтайды.



16-сүрет. Республикалық референдумның қорытындыларын шығару

Егер референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады.

Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша оның оң шешімін жақтап дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан көбі дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп саналады.

Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар, егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

Дауыс берудің қорытындылары Орталық референдум комиссиясының мәжілісінде шығарылып, хаттамамен ресімделеді, оған Орталық референдум комиссиясының Төрағасы, Төрағаның орынбасары, хатшысы мен мүшелері қолдарын қояды және қаулымен бекітеді.

Егер референдум барысында немесе дауыстарды санау не дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңды немесе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын бұзу орын алған болса, Орталық референдум комиссиясы референдум нәтижелерін шығару кезінде оның жекелеген учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) өткізілуін жарамсыз деп тани алады.

Республика Президентінің, Парламент Палаталары төрағаларының, Парламент депутаттарының жалпы санының кемінде бестен бір бөлігінің, Премьер-Министрдің өтініші бойынша Конституциялық Кеңес даулы жағдайда республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы мәселені

шешеді. Мұндай ретте республикалық референдум нәтижелерін шығару өтініштің қаралу кезеңіне кідіріледі (Қазақстан Республикасының Конституциясы 72, 73 баптар).

Орталық референдум комиссиясы республикалық референдум өткізудің дұрыстығы туралы дау туындаған жағдайда референдумға дайындық пен оны өткізуге байланысты материалдарды Конституциялық Кеңеске береді.

Конституциялық Кеңес Конституция бұзылған жағдайда референдумды Республика Конституциясына сәйкес емес деп тануға хақылы. Мұндай жағдайда Орталық референдум комиссиясы референдум Конституцияға сәйкес емес деп танылған учаскелердегі (әкімшілік-аумақтық бөліністердегі) референдум нәтижелерін жарамсыз деп тану, сол учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) бір айдың ішінде қайта дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Конституцияға сәйкес емес деп танылған республикалық референдумның нәтижелері Орталық референдум комиссиясының шешімімен тиісті дауыс беру учаскелерінде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) жарамсыз деп танылады. Өткізілген референдумды Конституцияға сәйкес деп тану референдумның қорытындыларын шығаруды жүргізе беруге әкеп соғады.

Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

ГЛОССАРИЙ

Үгіт материалдары – референдум мәселелері бойынша үгіт белгілері бар және референдум науқаны кезеңінде жаппай тарату мен жариялауға арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де материалдар.

Референдум мәселесі жөніндегі үгіт – референдум науқаны кезеңінде жүзеге асырылатын және дауыс беруге қатысушыларды референдумға қойылған мәселені қолдауға не одан бас тартуға итермелейтін немесе түрткі болатын қызмет.

Үгіт кезеңі – референдум қарсаңында үгіт жүргізуге рұқсат етілетін кезең.

Дауыс беруге арналған бюллетень – республикалық референдумға шығарылатын сұрақ туралы ақпараттан тұратын мәтіні бар бекітілген нысандағы құжат (бланк).

Референдум өткізу бастамасы – заңнаманы (Конституцияны, конституциялық заңдарды, ҚР заңдарын) және мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін реформалауға қатысты бастапқы идея, ынта, жариялы-биліктік шешім қабылдау және оны мәтіндік ресімдеу.

Референдум комиссиялары – референдум әзірлеу мен өткізуді ұйымдастыратын және қамтамасыз ететін алқалы органдар.

Республикалық референдум – Қазақстан Республикасы Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелері жөніндегі шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру.

Референдум (лат. referendum – хабарлануы тиіс) – төте демократияның маңызды институты және азаматтардың дауыс беруде көрінетін аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешуге тікелей қатысу нысаны.

Референдум процесі – республикалық референдум тағайындалған күннен бастап республикалық референдумның қорытындылары жарияланған күнге дейінгі кезеңде жүзеге асырылатын референдумды дайындау мен өткізу жөніндегі қызмет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ

1. «Жалпыхалықтық дауыс беру (КСРО-дағы референдум)» 1990 жылғы 27 желтоқсандағы КСРО заңы // КСРО халық депутаттарының съезі және КСРО Жоғарғы Кеңесінің жаршысы – 1991. -№1.-10 бет
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1993 жылғы 28 қаңтарда ҚР Жоғарғы Кеңесімен қабылданды. – Алматы: Жеті Жарғы, 1993. – 32 бет
3. «Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы» 1993 жылғы 10 желтоқсан N 3600 Қазақстан Республикасының Заңы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. -1993. -№23-24. -513 бет
4. «Республикалық референдум туралы» 1995 жылғы 25 наурыздағы ҚР Президентінің конституциялық заң күші бар Жарлығы // ҚР Жоғарғы Кеңесінің жаршысы. -1995. -№1-2. -21 бет
5. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды - https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
6. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы №2592 «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002592_
7. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы - https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_
8. «2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өткізу туралы» 2022 жылғы 5 мамырдағы №888 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000888>
9. «Сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беру пунктін жарақтандыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР ОСК 2012 жылғы 23 қазандағы №21/183 қаулысы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008089>
10. «Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы» ҚР ОСК 2014 жылғы 7 сәуірдегі №7/230 қаулысы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009384>
11. «Сайлау құжаттарын сақтау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ОСК 2014 жылғы 17 шілдедегі №11/236 қаулысы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1400009686>
12. «Сайлаушылардың дауыс беруге арналған тізімдерін қалыптастыру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну

қағидаларын бекіту туралы» ҚР ОСК 2018 жылғы 23 тамыздағы №11/197 қаулысы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017358>

13. «Сайлаушылар мен сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтерді салыстырып тексеру және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» ҚР ОСК 2018 жылғы 23 тамыздағы №11/196 қаулысы - <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017354>

14. «Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқығын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №24/217 қаулысы – <https://www.election.gov.kz/rus/news/acts/index.php?ID=4546>

15. «Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2009 жылғы 8 сәуірдегі № 161/306 «Есептен шығару куәліктерін беру және есепке алу ережелерін бекіту туралы» қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2019 жылғы 14 мамырдағы №33/267 қаулысы - https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005653_

16. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум комиссиялары қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №32/481 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6868>

17. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №32/482 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6870>

18. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды өткізу кезінде шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №32/483 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6872>

19. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін аккредиттеу туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №32/484 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6874>

20. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумның қатысушыларын оқытуды ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №32/485 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6876>

21. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдум құжаттарының нысандарын белгілеу туралы» Қазақстан

Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/486 қаулысы -
<https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6878>

22. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдерімен жұмысты ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/487 қаулысы -
<https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6880>

23. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды өткізу кезінде дауыс беруге арналған бюллетеньдерді дайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/488 қаулысы - <https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6882>

24. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды өткізу кезінде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәліктерін берудің және есепке алудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/489 қаулысы -
<https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6884>

25. «2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған республикалық референдумды өткізу кезінде мүгедектіктігі бар адамдар үшін жағдайларды қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясының 2022 жылғы 6 мамырдағы №33/490 қаулысы -
<https://www.election.gov.kz/kaz/news/acts/index.php?ID=6886>

26. Жанузакова Л.Т. К вопросу о совершенствовании законодательства о референдуме // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. 2018. Том 1 №50. С. 19-26. -
<https://vestnik.zqai.kz/index.php/vestnik/article/view/634>

27. Жанузакова Л.Т. Проблемы совершенствования конституционного законодательства Республики Казахстан и государств Центральной Азии в сфере выборов и референдума на современном этапе // Вестник Института законодательства Республики Казахстан. – 2010. – №3 (19). – С. 17-23. -
<https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-sovershenstvovaniya-konstitutsionnogo-zakonodatelstva-respubliki-kazahstan-i-gosudarstv-tsentralnoy-azii-v-sfere-vyborov-i/viewer>

28. Мандрыка Е.В. Конституционно-правовое регулирование референдумов в постсоциалистических государствах: общее и особенное // Теория і практика правознавства. 2013. №3. http://nbuv.gov.ua/UJRN/tipp_2013_1_4

29. Мицкая Е.В. К вопросу о применении референдума. На примере опыта зарубежных стран // Вестник КарГУ. – 2007, Караганда. -
<https://articlekz.com/article/5194>

**«РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ: ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН
РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»
оқу-әдістемелік кешені бойынша бақылау тест тапсырмалары**

1. Республикалық референдум - ...

- 1) Конституцияның, конституциялық заңдардың, заңдардың және ҚР мемлекеттік өмірінің өзге де аса маңызды мәселелері бойынша шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру
- 2) Қазақстан азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруы
- 3) референдумға қатысу құқығы бар Республика азаматтарының көпшілігі қатысқан дауыс беру
- 4) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екі бөлігінен референдумға қатысу құқығы бар азаматтар қатысқан дауыс беру;

2. «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қашан қабылданды?

- 1) 1995 жылғы 30 тамыз
- 2) 1991 жылғы 16 желтоқсан
- 3) 1993 жылғы 28 қаңтар
- 4) 1995 жылғы 2 қараша

3. «Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңы мыналарды айқындайды

- 1) учаскеде дауыстарды санауға, әкімшілік-аумақтық бірлікте дауыс беру нәтижелерін анықтауға байланысты мәселелерді
- 2) референдумда дауыс беру уақытын, орнын, ұйымдастырылуы мен тәртібін
- 3) республикалық референдумды тағайындау, дайындау және өткізу тәртібін
- 4) Орталық сайлау комиссиясының, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттіктері

4. Референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды

- 1) адамның және азаматтың конституциялық құқығы мен бостандығының бұзылуына әкеліп соғатын
- 2) мемлекет тәуелсіздігінің, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығының, оны басқару нысандарының, Республика қызметінің түбегейлі принциптерінің өзгеруі
- 3) Республиканың әкімшілік-аумақтық құрылысы мен шекаралары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

5. Референдум талқысына қойылатын мәселелер бола алмайды

- 1) сот әділдігі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіпті

қорғау

- 2) бюджет пен салық саясаты
- 3) барлық жауаптар дұрыс
- 4) рақымшылық пен кешірім жасау

6. Референдум өткізу ...принциптеріне негізделеді

- 1) азаматтардың референдумға өз ықтиярымен қатысуы және еркін ашық білдіруі
- 2) азаматтардың референдумға жасырын дауыс беру арқылы жалпыға бірдей, тең және төте қатысу құқығы
- 3) жариялылық
- 4) барлық жауаптар дұрыс

7. Республикалық референдум алдында үгіт жүргізу тәртібіне не жатады?

- 1) референдумның қарсаңындағы күн мен референдум өткізілетін күні үгіт жүргізуге тыйым салынады
- 2) барлық баспа үгіт материалдарында осы материалдарды шығарған ұйымдар, оларды басып шығарған орын мен таралым, оларды шығаруға жауапты адамдар туралы мәліметтер болуға тиіс. Бұқпантай үгіт материалдарын таратуға тыйым салынады
- 3) Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, соғысқа, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылыққа, сондай-ақ қатыгездік пен зомбылыққа табынуға үгіттеуге жол берілмейді
- 4) барлық жауаптар дұрыс

8. Референдум әзірлеу мен өткізуге байланысты шығыстар тек қана ... есебінен жұмсалады

- 1) жергілікті бюджет
- 2) республикалық бюджет
- 3) референдумның бастамашылары болып табылатын орталық мемлекеттік органдардың есебінен
- 4) барлық жауаптар дұрыс

9. Халықаралық ұйымдар мен халықаралық қоғамдық бірлестіктердің, шетел мемлекеттік органдарының, заңды тұлғалары мен азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың референдумға қатысты шараларды қаржыландыруға және өзгедей қамтамасыз етуге тікелей немесе жанама түрде қандай да болсын қатысуына ...

- 1) рұқсат етіледі
- 2) тыйым салынбайды
- 3) тыйым салынады
- 4) рұқсат беріледі

10. Референдум туралы заңдарға мыналар жатады:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы

2) «Республикалық референдум» туралы конституциялық заңға қайшы келмейтін бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы

3) «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заң, Орталық референдум комиссиясының нормативтік сипаты бар актілері

4) барлық жауаптар дұрыс

11. Дауыс беру уақыты мен орны туралы учаскелік референдум комиссиясы азаматтарға дауыс беретін күннен кемінде ...

- 1) бес күн бұрын хабарлайды
- 3) он күн бұрын хабарлайды
- 4) екі күн бұрын хабарлайды
- 2) жеті күн бұрын хабарлайды

12. Учаскелік референдум комиссиялары дауыс беруге арналған бюллетеньдермен қамтамасыз етіледі. ...

- 1) оны өткізуге жеті күн қалғанда
- 2) оны өткізуге бес күн қалғанда
- 3) оны өткізуге он күн қалғанда
- 4) оны өткізуге үш күн қалғанда

13. Референдумның қорытындыларын шығару кезінде жарамсыз бюллетеньдер деп танылады ...

- 1) учаскелік референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған
- 2) референдумға қойылған мәселеге қайтарылған жауаптар нұсқаларының бірде-біреуі белгіленбеген
- 3) оларда референдумда дауыс бергендердің еркін білдіруін анықтау мүмкін болмаған
- 4) барлық жауаптар дұрыс

14. Учаскелік референдум комиссиясы дауысты санау кезінде ... белгілейді

- 1) учаскедегі республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жалпы санын, бюллетень алған азаматтардың санын
- 2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы санын, әрбір мәселенің оң шешімін жақтап берілген дауыс санын және әрбір мәселенің теріс шешімін жақтап берілген дауыс санын
- 3) жарамсыз деп танылған бюллетеньдер санын, жарамды деп танылған, бірақ дауысты санаған кезде есепке алынбайтын бюллетеньдер санын
- 4) барлық жауаптар дұрыс

15. Егер референдумға қатысу құқығы бар ... дауыс беруге қатысқан болса, референдум өткізілген деп саналады

- 1) азаматтардың жартысынан көбі
- 2) азаматтардың үштен екісі

- 3) азаматтардың жартысынан азы
- 4) азаматтардың үштен бірі

16. Егер дауыс берудің нәтижесінде референдумға қойылған мәселе бойынша оның оң шешімін жақтап дауыс беруге қатысқан ... дауыс берсе, ол жөнінде шешім қабылданды деп саналады

- 1) азаматтардың үштен бірі
- 2) азаматтардың жартысынан азы
- 3) азаматтардың жартысынан көбі
- 4) азаматтардың үштен екісі

17. Республикалық референдумға шығарылған Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар қандай жағдайда қабылданды деп есептеледі?

- 1) егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде жартысында дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе
- 2) егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе
- 3) егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен бірінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы жақтап дауыс берсе
- 4) егер олар үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың барлығынан дауыс беруге қатысқан азаматтардың көпшілігі жақтап дауыс берсе

18. Республикалық референдум – бұл:

- 1) ҚР конституциялық заңдарының жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру
- 2) ҚР Конституциясының жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру
- 3) ҚР заңдарының және мемлекеттік өмірінің өзге де неғұрлым маңызды мәселелеріне арналған шешімдердің жобалары бойынша бүкілхалықтық дауыс беру
- 4) барлық жауаптар дұрыс

19. Референдумның талқысына қандай мәселелер қойылуы мүмкін?

- 1) әкімшілік-аумақтық құрылыстың өзгеруі
- 2) елдің ұлттық қауіпсіздік мәселелері
- 3) Республика Конституциясын, конституциялық заңдарын, заңдарын қабылдау, оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізу
- 4) халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелерді орындау

20. Бастамашыл топ келесі ... құрамда құрылады

- 1) әр облыстан, астанадан және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде бес-бес өкіл кіретін

2) республикалық референдумға қатысу құқығы бар кемінде екі жүз мың азаматы кіретін

3) республикалық референдумға қатысу құқығы бар кемінде екі жүз мың азаматы кіретін

4) әр облыстан, астанада және республикалық маңызы бар қалалардан кемінде үш-үштен өкіл кіретін

21. Республикалық референдум қандай мерзімде өткізіледі?

1) оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бір айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін

2) оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі. Ерекше жағдайларда Республика Президенті референдум өткізудің басқа мерзімін белгілеуі мүмкін

3) оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан ерте емес және үш айдан кеш емес мерзімде өткізіледі

4) оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан ерте емес мерзімде өткізіледі

22. Бұқаралық ақпарат құралдары ...

1) азаматтардың назарына референдум өткізу туралы шешімдер мен оған шығарылатын мәселелерді жеткізеді

2) референдум комиссиялары жанында тіркелген өз өкілдерін республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға жібереді

3) референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады

4) барлық жауаптар дұрыс

23. Референдум комиссиясының мәжілістері ... қатысқан жағдайда құқылы

1) оның мүшелері жалпы санының кемінде жартысы

2) оның мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі

3) оның мүшелері жалпы санының кемінде төрттен үші

4) төрағасы, хатшысы және оның мүшелері жалпы санының кемінде жартысы

24. Республикалық референдум қарсаңындағы үгіт – бұл ...

1) сайлаушыларды қандай да бір кандидатты жақтап немесе қарсы дауыс беруге қатысуға итермелеу мақсатындағы қызмет

2) сайлаушыларды қандай да бір саяси партия үшін дауыс беруге қатысуға ынталандыру мақсатындағы қызмет

3) қоғамдық бірлестіктердің азаматтарды референдумның бастамашыл тобына тарту жөніндегі қызметі

4) референдумға қойылған мәселелер бойынша жиналыстарда, митингілерде, азаматтар жиынында, бұқаралық ақпарат құралдарында өз пікірін білдіру. ҚР азаматтарының, қоғамдық бірлестіктерінің құқығына кепілдік беріледі

25. Референдум өткізу кезінде ... қатыса алады

- 1) өкілеттіктері Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландырылған Республика қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары
- 2) ҚР саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық ұйымдардың өкілдері, өкілеттігі Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландырылған шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары
- 3) ҚР саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің, коммерциялық ұйымдардың өкілдері, өкілеттігі Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландырылған шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары
- 4) шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері

26. Өкілдер мен байқаушылардың референдум комиссияларының жұмысына араласуына ...

- 1) дауыс беру учаскесіндегі Мінез-құлық ережелерімен реттеледі
- 2) Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен рұқсат етіледі
- 3) кепілдік беріледі
- 4) жол берілмейді

27. Бұқаралық ақпарат құралдары ...

- 1) референдумға әзірлік пен оны өткізу барысын жария етіп отырады, олардың референдум комиссиялары жанында тіркелген өкілдерінің республикалық референдум өткізуге байланысты шараларға баруына кепілдік беріледі
- 2) дауыс беру күні редакцияның тиісті тапсырмасымен әрбір БАҚ-тан екі өкілден жібереді
- 3) азаматтарды дауыс беруге арналған учаскелердің құрылғаны туралы хабардар етеді
- 4) референдум өткізілетін күні өкілеттіктері Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен куәландырылған байқаушылар болып табылады

28. Кімдердің референдумға қатысуға құқығы бар?

- 1) референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтары
- 2) референдумға қатысу құқығы тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он алты жасқа жеткен азаматтары
- 3) Республиканың он алты жасқа жеткен азаматтары
- 4) белсенді және бәсең сайлау құқығы бар және учаске аумағында соңғы бес жыл тұрып жатқан республика азаматтары

29. Кімдердің референдумға қатысуға құқығы жоқ?

- 1) дауыс беру күні әскери бөлімдерде, тергеу изоляторлары мен уақытша ұстау изоляторларында жүрген азаматтардың
- 2) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп таныған, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарында отырған азаматтардың
- 3) тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез-келген өзге жағдаяттарға қарамастан Республиканың он сегіз жасқа жеткен азаматтары
- 4) шетелдік қаржыландырумен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері

30. Азаматтар референдумға ...

- 1) тең негіздерде қатысады және олардың әрқайсысы тиісінше бір дауысқа не тең дауыс санына ие болады
- 2) тікелей
- 3) шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне қарамастан немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша
- 4) барлық жауаптар дұрыс

31. Референдум тағайындау туралы шешімді Республика Президенті тиісті Жарлық шығару жолымен қабылдайды, онда:

- 1) референдумды өткізу мезгілі
- 2) оған қойылатын мәселенің (мәселелердің) тұжырымдамасы белгіленеді
- 3) референдумды өткізуге байланысты өзге де мәселелер шешіледі
- 4) барлық жауаптар дұрыс

32. Референдумды ұйымдастыру мен өткізу ... жүзеге асырылады

- 1) жанама сайлау құқығы негізінде
- 2) ашық әрі жариялы
- 3) заңды және ашық
- 4) барлық жауаптар дұрыс

33. Референдум комиссиялары ... азаматтарды хабарландырады

- 1) учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы
- 2) тиісті референдум комиссиясының отырыстары туралы
- 3) референдум өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өзінің жұмысы туралы, дауыс беретін учаскелер құру, комиссиялардың құрамы, орналасқан жері және жұмыс уақыты туралы, референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі туралы
- 4) комиссия төрағасына, орынбасарына және хатшысына жүктелген міндеттер туралы

34. Референдум өткізілетін күні және оның қарсаңындағы күні дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерде бұрын ілінген баспа үгіт материалдары, плакаттар, ...

- 1) алынып тасталуы тиіс
- 2) бұрынғы орындарында сақталуы мүмкін
- 3) сайлау алдындағы жөнсіз үгітке жатады
- 4) орналастыруға тыйым салынған

35. Референдум комиссияларының қарамағына референдум әзірлеу мен өткізу үшін қажет үй-жайларды, жабдықтар мен көлік құралдарын кімдер береді?

- 1) мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан ұйымдар
- 2) референдумның бастамашылары болып табылатын орталық мемлекеттік органдар
- 3) халықаралық ұйымдар және халықаралық қоғамдық бірлестіктер
- 4) Орталық референдум комиссиясы белгілеген тәртіппен Республиканың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдері, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың байқаушылары

36. Референдум тағайындау құқығы ...

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінде болады
- 2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады
- 4) екі жүз мыңнан кем емес Республика азаматтарында болады

37. Референдум тағайындау бастамашылығы:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентінде
- 2) Қазақстан Республикасының Парламентінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді
- 3) Қазақстан Республикасының Үкіметінде болады, ол референдум тағайындау туралы бастамашылықпен Қазақстан Республикасының Президентіне тілек білдіреді
- 4) барлық жауаптар дұрыс

38. Бір ғана мәселе (бір ғана мәселелер) бойынша референдум тағайындау туралы ұсыныстар қайтара енгізілуі мүмкін және оларды Республика Президенті ... өткеннен соң ғана қайтадан қарайды

- 1) аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде екі жыл
- 2) аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде үш жыл
- 3) аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім қабылданғаннан кейін кемінде бес жыл
- 4) аталған мәселе (аталған мәселелер) жөнінде алдыңғы шешім

қабылданғаннан кейін кемінде бір ай

39. Республика Президенті Парламент пен Үкіметтің немесе Республика азаматтарының бастамашылығы бойынша референдум тағайындау туралы мынадай ... шешімдердің бірін қабылдайды

- 1) референдум тағайындау туралы
- 2) референдум өткізбей-ақ, оның талқысына ұсынылатын мәселе (мәселелер) бойынша Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізу, конституциялық заң, заң немесе өзге де шешім қабылдау қажеттігі туралы
- 3) референдум тағайындау туралы бастамашылықты қабылдамау туралы
- 4) барлық жауаптар дұрыс

40. Орталық сайлау комиссиясының бастамашыл топты тіркеуден бас тартуына ... шағым жасалуы мүмкін

- 1) ҚР Конституциялық Кеңесіне
- 2) ҚР Бас прокуратурасына
- 3) ҚР Жоғарғы Сотына
- 4) ҚР Конституциялық Сотына

41. Референдумға дайындық пен оны өткізуді мыналар жүзеге асырады:

- 1) Орталық референдум комиссиясының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы
- 2) аумақтық референдум комиссияларының функциясын орындаушы Қазақстан Республикасының аумақтық сайлау комиссиялары
- 3) учаскелік референдум комиссияларының функциясын орындаушы учаскелік сайлау комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

42. Азаматтарды дауыс беретін күн, уақыт, орын және оның тәртібі туралы ... хабардар етеді

- 1) учаскелік референдум комиссиялары
- 2) аумақтық референдум комиссиялары
- 3) Орталық референдум комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

43. Республика бойынша тұтас алғанда референдумның қорытындыларын шығарады, бұл туралы БАҚ хабар берілуін қамтамасыз етеді

- 1) учаскелік референдум комиссиялары
- 2) аумақтық референдум комиссиялары
- 3) Орталық референдум комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

44. Дауыстың саналуын жүргізеді және дауыс берудің нәтижелерін анықтайды ...

- 1) аумақтық референдум комиссиялары
- 2) учаскелік референдум комиссиялары
- 3) Орталық референдум комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

45. Учаскелік референдум комиссияларынан дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамаларды алады, тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің аумағындағы референдумның нәтижелерін шығарады...

- 1) аумақтық референдум комиссиялары
- 2) округтік референдум комиссиялары
- 3) Орталық референдум комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

46. Референдумға дайындықтың барысы туралы азаматтарға хабарлап отырады ...

- 1) учаскелік референдум комиссиялары
- 2) аумақтық референдум комиссиялары
- 3) Орталық референдум комиссиялары
- 4) барлық жауаптар дұрыс

47. Референдумға қойылған мәселені мәтіні ... ілінуге тиіс

- 1) референдумға қойылған мәселені талқылау бойынша азаматтар жиыны өткізілетін үй-жайдағы көрнекті жерде
- 2) дауыс беретін үй-жайда көрнекті жерде
- 3) дауыс беру күнінің алдындағы күні көрінетін жерде орналастырылмауға тиіс
- 4) ескерткіштерге, ескерткіш тұғырларға, тарихи, мәдени немесе сәулеттік құндылығы бар үйлер мен ғимараттарға ілуге тыйым салынады

48. Референдумның нәтижелерін шығару кезінде бюллетеньдердің жарамсыз деп танылуына байланысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда мәселені ...

- 1) дауыс беру жолымен учаскелік референдум комиссиясы шешеді. Бұл ретте шешім комиссия мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісінің дауысымен қабылданады
- 2) шешуші дауысы бар учаскелік референдум комиссиясының төрағасы шешеді
- 3) аумақтық референдум комиссиясы шешеді
- 4) сот тәртібімен

49. Референдумға қойылған мәселеге жауаптардың барлық нұсқалары белгіленген бюллетеньдер ...

- 1) жарамды деп танылады, бірақ дауысты санау кезінде есепке алынбайды
- 2) дауыстарды санау кезінде жарамсыз деп танылады және есепке алынбайды
- 3) дауыстарды санау кезінде жойылады және есепке алынбайды

4) жоғары тұрған комиссияға жіберілмейді

50. Орталық референдум комиссиясы дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың негізінде ... анықтайды

- 1) Қазақстан Республикасының референдумға қатысу құқығы бар азаматтарының жалпы санын
- 2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың санын
- 3) референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген, референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың санын және дауыс беруге қойылған жекелеген әрбір мәселе бойынша жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің санын
- 4) барлық жауаптар дұрыс

51. Орталық референдум комиссиясы республикалық референдумның қорытындыларын ... негізінде шығарады

- 1) дауыс берудің нәтижелері туралы табыс етілген хаттамалардың
- 2) референдум комиссиясының есебі
- 3) мемлекеттік органдардың ақпараттары
- 4) мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған учаскелік референдум комиссияларының шешімдері

52. Референдумның қорытындылары туралы Орталық референдум комиссиясының ресми хабары ... бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады

- 1) дауыс беру өткізілген күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірілмей
- 2) дауыс беру өткізілген күннен бастап жеті күн мерзімнен кешіктірілмей
- 3) дереу
- 4) дауыс беру өткізілген күннен бастап бір күн мерзімнен кешіктірілмей

53. Қандай бұзушылықтар заңда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке әкеп соғады?

- 1) ҚР азаматының референдумға қатысу құқығын еркін жүзеге асыруына қандай да бір нысанда кедергі келтіру
- 2) референдумға қойылған мәселе (мәселелер) бойынша үгіт жүргізуге кедергі келтіру
- 3) дауыс беру құпиясын бұзу
- 4) барлық жауаптар дұрыс

54. Қандай бұзушылықтар заңда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке әкеп соғады?

- 1) сайлау құжаттарының жалғандығы
- 2) дауыстарды қате санау
- 3) дауыс беру құпиясын бұзу
- 4) барлық жауаптар дұрыс

55. Референдумда қабылданған Конституция, конституциялық заңдар, заңдар, олардағы өзгертулер мен толықтырулар, референдумға қойылған өзге де шешімдер ... күшіне енеді

- 1) егер Конституцияның өзінде, конституциялық заңда, заңда, олардағы өзгертулер мен толықтыруларда, референдумда қабылданған өзге де шешімде басқа мерзім белгіленбесе, референдумның қорытындылары туралы ресми хабар жарияланған күннен бастап
- 2) дереу
- 3) референдумның қорытындылары туралы ресми хабар жарияланған күннен бастап 10 күн өткен соң
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығына қол қойылғаннан кейін

56. Референдум қабылдаған шешімнің ...

- 1) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейді
- 3) Республиканың мемлекеттік өкімет органдарының актілерімен қандай да бір қуаттауды қажет етпейді
- 4) барлық жауаптар дұрыс

57. Референдум қабылдаған шешім мен Республика Конституциясының, конституциялық заңдарының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің арасындағы сәйкессіздіктер қалай жойылады?

- 1) Конституцияны, конституциялық заңдарды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді референдум қабылдаған шешімге сәйкес келтіру арқылы
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің тиісті Жарлығына қол қою арқылы
- 3) Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталарының тиісті қаулыларын рәсімдеу жолымен
- 4) Үкіметтің тиісті қаулысын қабылдау жолымен

58. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың референдум ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі іс-әрекетіне ...

- 1) Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына он күн мерзімде шағым жасалуы мүмкін
- 2) Орталық референдум комиссиясына шағым жасалуы мүмкін
- 3) шағымдануға жатпайды
- 4) сотқа шағым жасалу мүмкін

59. Қандай жағдайларда Орталық референдум комиссиясы референдум нәтижелерін шығару кезінде оның жекелеген

учаскелерде (әкімшілік-аумақтық бөліністерде) өткізілуін жарамсыз деп тани алады?

- 1) егер референдум барысында «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңды немесе «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңын бұзу орын алған болса
- 2) егер дауыстарды санау кезінде «Республикалық референдум туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын бұзу орын алған болса
- 3) егер дауыс беру нәтижелерін анықтау кезінде «Республикалық референдум туралы» және «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңдарын бұзу орын алған болса
- 4) барлық жауаптар дұрыс

60. Референдум – дегеніміз:

- 1) бүкілхалықтық дауыс беру
- 2) жалпы сайлау
- 3) жалпыға бірдей дауыс беру
- 4) барлық жауаптар дұрыс

61. Қазақстанда референдумдар қандай деңгейде өткізілуі мүмкін?

- 1) облыс, астана және республикалық маңызы бар қалалар деңгейінде
- 2) тек республика деңгейінде
- 3) әкімшілік-аумақтық бірлік деңгейінде
- 4) дұрыс жауаптар жоқ

62. Халық тікелей билікті ... арқылы жүзеге асырады

- 1) республикалық референдум
- 2) еркін сайлау
- 3) өз билігін мемлекеттік органдарға беру
- 4) барлық жауаптар дұрыс

63. Қазақстан Республикасында қашан және қанша рет референдум болды?

- 1) екі референдум, 1995 жылғы 29 сәуір және 30 тамыз
- 2) 1993 және 1995 жылдары екі референдум
- 3) 1991, 1993, 1995 жылдары үш референдум
- 4) 1995 жылы бір референдум

64. Бірінші референдумда қандай мәселе көтерілді?

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін ұзарту туралы
- 2) жаңа Конституцияны қабылдау туралы
- 3) Конституцияға өзгерістер енгізу туралы
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі туралы

65. Екінші референдумда қандай мәселе көтерілді?

- 1) Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттігін ұзарту туралы

- 2) жаңа Конституцияны қабылдау туралы
- 3) Конституцияға өзгерістер енгізу туралы
- 4) Қазақстан Республикасы Президентінің мәртебесі туралы

66. Азамат дауыс беру кезінде өзі дауыс беретін жауап нұсқасын таңдайды, ...

- 1) ол дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез-келген белгіні қояды
- 2) таңдаған жауап нұсқасын сызып тастайды
- 3) ол таңдаған жауап нұсқасының астын сызады
- 4) ол дауыс бермейтін жауап нұсқаларын сызып тастайды

67. Республикалық референдум өткізу кезінде азамат өз таңдауын дауыс беру кезінде жүзеге асырады ...

- 1) дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыда кез келген белгіні қою арқылы
- 2) таңдалған жауап нұсқасын сызу арқылы
- 3) таңдалған жауап нұсқасының астын сызу арқылы
- 4) ол қабылдамаған жауап нұсқаларын сызып тастау жолымен

68. Алдымен қандай дауыс беру жәшіктері ашылады?

- 1) бюллетеньдермен толық толтырылған
- 2) стационарлық
- 3) тасымалданатын
- 4) деформациясы бар

69. Референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тұрғылықты жері бойынша тізімін ... жасайды

- 1) Қазақстан Республикасы Парламентінің қаулысы негізінде Қазақстан Республикасының тиісті мәслихаты
- 2) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тиісті жергілікті атқарушы орган
- 3) Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен тиісті сайлау науқаны кезеңіне айқындалған орталық мемлекеттік орган
- 4) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік дерекқордың негізінде тиісті орталық мемлекеттік орган

70. Әрбір дауыс беру учаскесі бойынша референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне ... қол қояды

- 1) мәслихат хатшысы
- 2) Парламент Мәжілісінің Төрағасы
- 3) аумақтық референдум комиссиясы
- 4) әкім

71. Референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне өзгерістер ... негізінде енгізіледі

- 1) Орталық референдум комиссиясына өтініштер
- 2) референдумға қатысуға құқығы бар азаматтың жазбаша арызы

- 3) аумақтық референдум комиссиясына өтініштер
- 4) әкімдіктің ұсыныстары

72. Участке ашылғаннан кейін учаскелік референдум комиссиясының төрағасы комиссия мүшелерінің қатысуымен дауыс беру басталардан отыз минут бұрын ...

- 1) сайлаушылар мен референдум комиссиясы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды
- 2) дауыс беруге арналған жәшіктерді пломба салады немесе мөр басады
- 3) учаскелік референдум комиссиясы отырысының хаттамасын рәсімдейді
- 4) референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімін бекітеді

73. Участкелік референдум комиссиясының төрағасы ...

- 1) комиссияның шеттетілген мүшесін немесе өзге адамды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тартады
- 2) бір мезгілде дауыс беруге арналған үй-жайдағы дауыс берушілердің санын реттейді
- 3) референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне түзетулер енгізеді
- 4) даулы жағдайға байланысты учаскеде дауыс беруді мерзімінен бұрын аяқтау туралы шешім қабылдайды

74. Дауыс беруге арналған бюллетеньдерді референдум комиссиясының мүшелері ... негізінде береді

- 1) референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімі
- 2) сайлаушының жеке басын куәландыратын құжат
- 3) референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімін және сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсету
- 4) сайлаушының жазбаша өтініші мен жеке басын куәландыратын құжаты

75. Сайлаушылар дауыс беру күні учаскелік референдум комиссиясына ... себебімен учаскеге келе алмаса, үй - жайдан тыс жерде дауыс беру туралы, жазбаша өтініш жасайды

- 1) отбасының науқас мүшесіне күтім жасау
- 2) дауыс беруге арналған учаскелер құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болу
- 3) денсаулық жағдайы
- 4) барлық жауаптар дұрыс

76. Тасымалданатын жәшікті ... алып жүреді

- 1) учаскелік референдум комиссиясының хатшысы
- 2) учаскелік референдум комиссиясының төрағасы
- 3) учаскелік референдум комиссиясының екі мүшесі
- 4) учаскелік референдум комиссиясының бір мүшесі

77. Сайлаушылар дауыстарын санау үшін ... беріледі

- 1) бір сағатқа үзіліспен 12 сағат уақыт
- 2) 12 сағат уақыт
- 3) бір сағатқа үзіліспен 8 сағат уақыт
- 4) 8 сағат үздіксіз уақыт

78. Дауыс беруге арналған учаскелер қандай мақсаттарда құрылады?

- 1) бұл халықаралық тәжірибе
- 2) дауыс берушілерге барынша қолайлылық туғызу мақсатында, жергілікті және өзге жағдаяттар ескеріле отырып
- 3) дауыс беруді өткізу үшін
- 4) дауыс беруді ұйымдастыру және өткізу және дауыстарды санау үшін

79. Алыс мал шаруашылығы учаскелерінде дауыс беруге арналған учаскелер құрылады ма?

- 1) жоқ, өйткені олар қол жетімді емес және аз учаскелер болып табылады
- 2) иә, құрылады
- 3) жоқ, өйткені оларды құру үшін Орталық референдум комиссиясының қаулысы қажет
- 4) жоқ, дауыс беруді дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде ұйымдастырған кезде тасымалданатын жәшік пайдаланылады

80. Референдум комиссияларының құрамдары бұқаралық ақпарат құралдарында қандай мерзімде жарияланады?

- 1) референдум тағайындалғаннан кейін бір ай ішінде
- 2) референдум тағайындалғаннан кейін он күннен кешіктірмей
- 3) референдум тағайындалғаннан он бес күн өткен соң
- 4) референдум тағайындалғаннан кейін бір апта ішінде

81. Комиссия мүшелерінің жалпы санының қанша мүшесі қатысса, оның отырысы заңды деп танылады?

- 1) жартысынан көбі
- 2) үштен екісі
- 3) кемінде үштен екісі
- 4) абсолютті көпшілігі

82. Республикалық референдум өткізу кезеңінде референдум комиссияларының мүшелерін тағайындауға кім құқылы?

- 1) референдум комиссияларының құрамын қалыптастыратын органдар;
- 2) саяси партиялар
- 3) Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы
- 4) жоғары тұрған сайлау комиссиясы

83. Нақты дауыс беру учаскесінде азаматты референдумға

қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне енгізу үшін қандай факт негіз болады?

- 1) оның сайлау округінің шекараларында тұру фактісі
- 2) осы учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тұру фактісі
- 3) дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін беру фактісі
- 4) осы учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі

84. Азаматтардың тұрғылықты жері бойынша құрылған учаскелері бойынша референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдері кімге, қандай мақсатпен және қандай мерзімде ұсынылады?

- 1) референдумға қатысу құқығы бар азаматтарға танысу үшін дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда
- 2) Орталық референдум комиссиясына нақтылау үшін дауыс беру күнінен отыз күн бұрын
- 3) бұқаралық ақпарат құралдарына жариялау үшін дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей
- 4) дауыс беруге он күн қалғанда сайлаушыларды таныстыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарына жібереді

85. Референдум комиссиясы азаматтың референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімінен шығарып тасталғаны туралы арызын мақұлдамай ма?

- 1) иә, ауызша түсіндірумен
- 2) жоқ
- 3) иә, оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесімен
- 4) тізімге енгізбеу, дұрыс енгізбеу немесе тізімнен шығару туралы, сондай-ақ тізімдегі жіберілген дәлсіздіктер туралы арыздар сотта қаралады

86. Ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайда бола ала ма?

- 1) иә, ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайлардың тәртібін қамтамасыз етеді
- 2) жоқ, ішкі істер органдарының қызметкерлері дауыс беруге арналған үй-жайда комиссия төрағасының шақыруымен ғана болуға тиіс
- 3) жоқ, дауыс беру күні дауыс беруге арналған үй-жайда сайлау процесіне қатысу жоқ бөгде адамдардың болуына тыйым салынады
- 4) иә, дауыс беру күні сайлау процесіне байланысты бөгде адамдар болуы мүмкін

87. Бюллетеньдерді өз бетінше толтыру мүмкіндігі жоқ сайлаушы қандай адамның көмегін пайдалануға құқылы емес?

- 1) журналист-бұқаралық ақпарат құралдарының өкілінің
- 2) жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамының
- 3) референдум комиссиясы мүшесінің
- 4) барлық жауаптар дұрыс

88. Егер бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ азамат басқа адамның көмегін пайдаланған жағдайда, бұл туралы белгі қойыла ма, егер қойылған болса, қайда?

- 1) дауыс беру бюллетенінде белгі қойылады
- 2) референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміне жазба жасалады
- 3) белгі қойылмайды
- 4) өтініштер журналына жазба жасалады

89. Дауыс беруге арналған бос тасымалданатын және тұрақты жәшіктерді оларда бюллетеньдердің бар екенін немесе жоқ екенін, жәшіктердің бүтіндігін тексеру, кейін оларға пломба салып, мөр баса отырып, қарауға ұсыну ... жүргізілуге тиіс

- 1) заңға сәйкес дауыс беру күні, дауыс беру басталған уақытқа дейін 3 сағат бұрын
- 2) дауыс беру басталардан отыз минут бұрын
- 3) дауыс беру күнінің алдындағы күні сағат 18-ден кешіктірмей
- 4) дауыс беру күні, дауыс беру уақыты тура келгенге дейін

90. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда хаттамаларға кім қол қояды?

- 1) дауыстарды санау нәтижелерін референдум комиссиясы қарайды және комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қоятын хаттамаларға енгізіледі
- 2) комиссия төрағасынан басқа ешкімнің хаттамаға қол қоюға құқығы жоқ
- 3) комиссия төрағасының орынбасары немесе хатшысы
- 4) комиссия мүшелері

91. Хаттаманың көшірмесі жалпы жұрттың танысуы үшін дауыс беруге арналған учаскенің үй-жайындағы арнайы белгіленген орында қанша күн тұрады?

- 1) екі күн және одан көп
- 2) кемінде үш күн
- 3) екі күн бойы
- 4) БАҚ-та дауыс берудің ресми қорытындылары жарияланғанға дейін

92. Өтініштер референдум комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезінде референдум комиссиясы не істейді?

- 1) сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады
- 2) референдум комиссиясының өтініштерді қарауға құқығы бар
- 3) референдум комиссиясы өтінішті сотта бір мезгілде қараған кезде оларды қарамайды
- 4) референдум комиссиясы өтінішті жоғары тұрған сайлау комиссиясына береді

93. Жергілікті өзін-өзі басқару органдары дауыс беретін күннің

алдындағы күні референдум комиссияларының өтініштеріне қандай мерзімде жауап беруге міндетті?

- 1) үш күндік мерзімде
- 2) дереу
- 3) бір күн ішінде
- 4) он күн мерзімде

94. Соттар мен прокуратура органдары азаматтардың дауыс беруді өткізу мәселелеріне қатысты, оның ішінде дауыс беруге үш күн қалғанда келіп түскен референдум туралы заңнаманы бұзушылықтар туралы арыздарын қандай мерзімдерде қарауға міндетті?

- 1) дереу
- 2) «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда белгіленген мерзімде
- 3) өтініш алынған күннен бастап үш күн мерзімде
- 4) бес күндік мерзімде

95. Жоғары тұрған комиссия референдум комиссиясы мен оның мүшелерінің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қандай мерзімдерде қарайды?

- 1) дереу
- 2) шағым түскен күннен бастап бес күн ішінде
- 3) шағым түскен күннен бастап үш күн ішінде
- 4) «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңда белгіленген мерзімде

96. Қандай жағдайда комиссия мүшесі өз міндеттерінен босатылуы мүмкін?

- 1) өзін ұсынған саяси партияның қызметі тоқтатылған жағдайда
- 2) лауазымдық өкілеттіктерін немесе «ҚР-дағы сайлау туралы» және «Республикалық референдум туралы» Конституциялық заңдардың талаптарын бірнеше рет бұзған жағдайда
- 3) сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі өткенде
- 4) барлық жауаптар дұрыс

97. Хаттаманың көшірмесі дауыстарды санауға қатысқан қоғамдық бірлестік өкіліне берілуі мүмкін бе?

- 1) иә
- 2) жоқ, дауыстарды санағаннан кейін хаттаманың көшірмесі жалпы жұрттың танысуы үшін референдум учаскесінің үй-жайында арнайы белгіленген орынға дереу ілінеді
- 3) иә, дауыстарды санау кезінде қатысқан адамның қалауы бойынша оған комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылып, референдум комиссиясының мөрімен куәландырылған хаттаманың көшірмесі беріледі
- 4) иә, хаттаманың көшірмесі дауыстарды санауға қатысқандардың барлығына беріледі

98. Қандай жағдайда үй-жайдан тыс жерде дауыс беру кезінде тасымалданатын жәшіктегі барлық бюллетеньдер жарамсыз деп танылады?

- 1) егер тасымалданатын жәшікте белгіленген үлгідегі бюллетеньдер саны жазбаша өтініштердің тиісті санынан көп болса
- 2) егер тасымалданатын жәшікте белгіленбеген үлгідегі бюллетеньдер болса
- 3) егер тасымалданатын жәшікте тиісті референдум комиссиясы мүшесінің қолы қойылмаған бюллетеньдер болса
- 4) егер жәшіктегі бюллетеньдер саны дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы жазбаша өтініштердің санынан аз болса

99. Дауыстарды санау кезінде УРК шешімімен бюллетень жарамсыз деп танылды. Бұл туралы жазба қайда жасалады?

- 1) бюллетеннің артқы жағында
- 2) бюллетеннің беткі жағында
- 3) жазба жүргізілмейді, бюллетень жарамсыз бюллетеньдер үшін қаттамаға қатталады
- 4) жазба жасалмайды, бюллетень өтеледі

100. Тасымалданатын және стационарлық жәшіктерді ашқаннан кейін азаматтардың дауыстарын санау кезінде УРК әрекеттерінің дұрыс реттілігін орнатыңыз:

- 1) жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны;
 - 2) бюллетеньдер алған азаматтар саны;
 - 3) дауыс беруге қатысқан азаматтардың жалпы саны;
 - 4) республикалық референдумға қатысуға құқығы бар учаскедегі азаматтардың жалпы саны;
 - 5) жарамды деп танылған, бірақ дауыстарды санау кезінде ескерілмейтін бюллетеньдер саны;
 - 6) әрбір мәселенің оң шешімін жақтап берілген дауыстар саны және әрбір мәселенің теріс шешімін жақтап берілген дауыстар саны;
- 1) 3-2-4-1-6-5;
 - 2) 4-3-2-5-1-6;
 - 3) 4-2-3-6-1-5;
 - 4) 2-4-3-1-6-5.